


ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТІ
МАГИСТРАТУРА


«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА»
КАФЕДРАСЫ

Магистрлік диссертация

Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығы
және сопылық
521250 “Филология: қазақ филологиясы”

Орындаушы:  12.04.05 Қайсарина Р.С.
(күні, қолы)

Ғылыми жетекшісі  13.04.05 Жүсіпов Е.Қ.
(күні, қолы) ф.ғ.к., доцент

Қорғауға жіберілді
«Қазақ әдебиеті және
журналистика» кафедрасының
менгерушісі, ф. ғ. к., доцент  13.04.05 Жүсіпова Г.Қ.
(күні, қолы)

Павлодар - 2005

Мазмұны

Кіріспе	3
I. Иассаuidiң өмір сүрген дәуірі, сол кезеңнің тарихи-өлеуметтік жағдайы. Хикметтердің дүниеге келуінің алғы шарттары	7
II. Қожа Ахмет Иассауи шығармаларындағы сопылық символдар, сопылық терминдер	14
Қорытынды	46
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	48

Kіріспе

Фуат Көпрүлү [1] А. Иассауи және онын ізбасары Жүніс Әміре туралы үлкен еңбек жазған ғалым. «Осы Ахмет Иассауи деген кім? Тереңірек зерттеп көрсеніздер,біздің ұлтымыздың негізін содан табасыз!» - деген түркі акыны Намық Кемал Зейбек. [2]

Өз ойымызды осы ғалымның сөзімен бастағанды жөн көрдік.

Ұлтымыздың негізі болатын тұлға... ол қандай адам? Артында қандай іс пен сөз қалдырған? Қалдырған мұрасының мәні не? Оны қалай тануға болады?

Осындай мәселелер осы диссертацияның жазылуына себеп болды. Әйтсе де, Қ.А. Иассауи туралы зерттелетін, жазылатын мәселелер әлі де көп. Біз қазақтар Иассауи мұрасын енді ғана қолға алып жатырмыз.

Фуат Көпрүлүнiң еңбегі өз саласы мен уақытында сөзсіз құнды кітап болды. Бірақ , кітап жазылған уақыты тұрғысынан ескірді. Бүгін жаңа деректер мен мәліметтер табылып, Иассауи мұрасы толығы үстінде. А. Иассауидің « Диуани хикметі» бірнеше рет басылып шықты. Енді талап та уақыт та өзгерді.Бүгінгі күн талабына сай А. Иассауидің сөйлейтін сөздері болу керек. Бүгінгі әлеуметтік рухани мәселелер жөнінде А. Иассауи не айтқан болар еді? А. Иассауи бүгінгі ахуалдағы ұлтымызға, жалпы адамзатқа қандай үндеу айтып, қандай бағыт-бағдар берер еді? Бүгін осы сұрақтардың уақыты келіп тұр. Осы диссертацияның жазылуының да негізгі мақсаты осы.

«Ұлт деп аталатын ақиқатың негізгі екі тұғырының бірі тіл болса, екіншісі тілдің негізгі тасушысы –мәдениет. Мәдениет саласының ішіндегі адам мен қоғам үшін ең ықпалды әрі маңыздысы да дін екендігі мәлім» [2]. Міне, Кемал Зейбектің сөзінің түпкі мәнін осыдан шығаруға болады. А. Иассауи тіліміз бен дініміздің және түрік мұсылманының қалыптасуында үлкен іс қалдырған , ілім қалыптастырған тарихи тұлғамыз, ортақ атамыз.

Рухани құлдықтың бұғауынан босанып жаңа замана желі оңымыздан соққан кезеңде бұл күрделі де аса қиын саланы, яғни көне түркі әдебиетін зерттеу жұмысын қолға алу өз ата-бабамыздың мәдениетіне құштарлықты білдіреді.

Өзіміздің ғылыми зерттеу нысанасына алып отырған «Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығы және сопылық» деп аталатын еңбегімізде көне түркі және казак әдебиетінің қарым қатынасы жайында сөз болмақ.

Сопылық әдебиетті зерттеуші ғалымдарымыз терендеп бара бермейтін сопылық таным ерекшелігі мен сопылық термин сөздердің мән-мағынасын жаңа қырынан ашумен бірге оқырмандардың санасын тың деректер мен сопылық сөз қолданудың сырымен де байытуды мақсатқа алдық.

Сондай-ақ бұл еңбекте алдымен сөз болатын күрделі де нәзік мәселе Қожа Ахмет Иассауи хикметтерін Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларымен салыстырып сараптау. Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіптің және басқа да сопылардың жырларының көркемдік табиғатын жіті танып казак поэзиясына жаңа леп қосқанын көрсету.

Түркі әлемі ұғымындағы түріктердің негізгі ортақ тұғыры-ана тілі. Қожа Ахмет Иассауи деген кім? Кіріспемізде « Аллаға барар жол адамға қызмет етуден басталады» деп сөз бастап, асыл мақсаттың да махаббат екендігін баяндадық. Ахмет Иассауиді Фуат Көпрүлү «Түркі әдебиетіндегі алғашқы суфилер» атты кітабында « ең алғашқы түрік ислам – пірі деді», - дейді. Түркмендер оны « Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет» ретінде танытады. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстан, Тәжікстан, Ауғанстанда Қожа Ахмет Иассауи бабамызды «Екінші Пайғамбар» (Ахмет – и Сани) деп санайды. Ұлы Түркістанда Ахмет Иассауиді Исламды Түркістанға жайған адам ретінде пір тұтады.

Жалпы сипаттама. Әлем әдебиеті дамуын , ондағы өзара байланысты сараламай тұрып, әр ұлт әдебиетінің орнын айтпайынша, жалпы әдеби процесті, әдебиеттің даму ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Сонымен бірге әр ұлт әдебиетінің әлем әдебиетіне қосқан үлесін, туыс халықтар әдебиетінен кандай тағылым алғанын, арадағы дәстүрлік байланысты сараптау қажеттігі туады.

Кешегі әміршілік жүйе кезінде шығыс пен көне түрік әдебиеті бұрынғы Кенес Одағы аумағында өте аз зерттелгені түсінікті – ақ.

Осы орайда біз көне түркі әдебиетін зерттеу бір еңбек ауқымына симайтынын, көп зерттеушілердің ізденістерін тосып тұрғанын ескере отырып, сонын бір саласын жеке алып зерттеуді мақсат еттік. Ол - Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығы және сопылық символдар.

Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығынан біршама жұмыстар атқарылуда. Мәселен, В. В. Бартольд, Е. Э. Бертельс, Идрис Шах, Девин Ди Уис, М. Ф. Көпрүлү, А. Егеубай, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева т.б. өз еңбектерінде Қ. А. Иассауидың өмірбаяны мен «Диуани Хикмет» шығармасына көп тоқталған. Осы орайда көптеген мақала, монографиялар жарияланған. Бірақ Иассауи шығармасындағы сопылық мәселесі жеке қарастырылған жоқ, жалпы қарастырылған. Сондай – ақ жоғарыда сөз болған ғылыми еңбектердің бәрі де Қожа Ахмет Иассауидің шығармашылығын ғана сөз етеді, оның кейінгі акындарға қандай ықпал әсері болды, болса қандай бағытта дамыды, қай тұрғыда өркен жайды деген мәселені, дәстүр жалғастығы тұрғысынан қарастырған жоқ.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақстанның әдебиеті, тарихы, әдебиеттану ғылымында бұрын мүлде аз зерттелген саланың бірі шығыс және көне түркі әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысы екені анық. Біз бұл еңбегімізде кейінгі жылдары ғана қолға алына бастаған белгілі акын, философ Қ. А. Иассауи шығармашылығын тереңдей зерттеуді; әрі әлемдегі рухани қазынаның аса бір бай тармағы шығыс әдебиетін Қ. А. Иассауиге, сол арқылы жалпы қазақ әдебиетіне тигізген игі ықпалын ашуды, сол арқылы белгілі бір әдебиет дамуы үшін өзара байланыс дәстүр сабақтастығы мәнін дәлелдесуді көздедік. Мынадай нақты міндеттерді шешу алға қойылды:

- Қ. А. Иассауи шығармашылығына ислам дінінің қалай, қаншалықты ықпал жасағанын қарастыру, әдебиет үшін діннің өзіндік игі ролі болғанын дәлелдеу;
- Қ. А. Иассауи шығармашылығындағы көркемдік құралдар сипатын таразылау;
- Қ. А. Иассауи туралы бұрын-соңды жазылған еңбектерді жинақтау, саралау;
- XI-XII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларды зерттеу;

- Қ. А. Иассауи хикметтерінің әдебилігі, құрылымы, тілі жағынан талдап зерттеу;
- Тақырыптың ғылыми зерттеу дәрежесі суфизм ағымының маңызын дәлелдеу.

Зерттеудің теориялық-методологиялық

негіздері. Диссертацияға қажет материалдар көне түркі әдебиетіне арналған жоғарыда көрсетілген еңбектерден және акынның хикметтерінен алынды.

Диссертацияда негізінен дәстүрлі салыстырмалы сипаттау, жүйелеу талдау әдіс – тәсілдері қолданылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Қ. А. Иассауи хикметтеріндегі сопылық символдарды ашып көрсету

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңызы мектептерде факультатив сағаттарында, үйірмелерде, орта оқу орындарында арнайы курс семинарларда немесе Қ. А. Иассауи жұмысымен айналысушы, зерттеуші жас ғалымдарға арналған қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері «ПаУ хабаршысында» жарық көрді.

Диссертациялық құрылымы зерттеу кіріспеден, 2 тараудан және қорытындыдан тұрады.

Сонында пайдаланған әдебиеттердің тізімі беріледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Сопылық поэзия және оны жалғастырушы акындар, шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихы мен теориясына үзілмес желі, біртұтас тұжырымдама болып енетіні дәлелденеді;

- Сопылық әдебиет тудырған ағымның әр алуан тақырыптық, композициялық, стильдік, жанрлық, поэтикалық жаңалықтары талданады;
- XII ғасырдан бастау алған діни поэзияның қазақ әдебиетіне бірте-бірте нығайып, акындардың шығармашылығынан орын алып, XX ғасырдың басындағы жазба әдебиеттегі сопылық сарын процестерінің ішкі қыры мен сыр-сипатын ашып, талдау;
- Сопылық поэзияның адамның жан сарайын терең тану концепциясы мен шынайы мұраттары қарастырылып зерттеледі;
- XII ғасырдан бастап, XX ғасырдың басындағы әдебиет аралығында сопылық поэзия дәстүрлері ұлттық мәдениет бірлігі негізінде зерттеледі;

І.Қ.А. Иссауидің өмір сүрген дәуірі, сол кезеңнің тарихи - әлеуметтік жағдайы. Хикметтердің дүниеге келуінің алғы шарттары.

Түркі халықтары әдебиеті тарихында ислам дәуірі (X-XII ғасырлар) ерекше орын алады. «ислам дәуірі әдебиеті» деген термин-ұғымдар алғаш рет өз зерттеу еңбектерінде кенінен қолданған ғалымдар М.Ф.Көпрүлү, Н.Банарлы [3] және Г. Грюнсбаум [5] еді.

Қазіргі Орта Азия мен Қазақстанды мекен еткен түркі халықтарының тарихында X-XII ғасырлар қоғамдық дамудың жана басқышы болды. Бұл кезде түркі қауымын айдай әлемге танытқан Әбу Насыр әл – Фараби, Әбу Әли ибн- Сина, Әбу Райхан әл- Бируни, Махмұт Қашқари, Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Иассауи, т. б. тарих сахнасына шықты. Түрік ғалымы М. Көпрүлү сөзімен айтқанда «X-XII ғасырлар түркі халықтарының қоғамдық- мәдени даму тарихында қайта өрлеу-ренессанс дәуірі болды.» Сондай-ақ енді ғылым, мәдениет, әдебиет саласындағы шығармалар бұрынғыдай араб тілінде емес, жергілікті халықтың өз тілінде, яғни түркі тілінде жазыла бастады. Араб тілі мемлекеттік тіл болудан қалды. Ел басқару ісін де түркі халықтарынан шыққан әкімдер қолға алды.

Күллі түркі қауымы бас қосып, жат-жұрттықтар- Самани әулеті (819-999) билік жүргізген мемлекеттің күлін көкке ұшырды. Ақыры түркі жұрты Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауаранахр жерінің едәуір бөлігін қамтыған жана мемлекет құрды. Түркілердің бұл қауымдастық бірлестігі-алғашқы ханы Әбділкәрім Сатұк Қараханның (915-955) есімімен аталып, тарихқа «Қарахан мемлекеті» (942-1212) деген атпен енген.

Алайда X-XII ғасырларда ұлан- ғайыр Еуразия аймағын түгел қамтыған тарихта бұрын-соңды болып көрмеген жойқын соғыстар, рухани шайқастар жүріп жатты. Бұл шайқас жер үшін де емес, байлық үшін де емес, *діни үстемдік* жүргізу үшін болып жатқан күрес еді. Көп жылдарға созылған түрлі шайқастар мен айтыс-тартыстар кейін Сатұқтың баласы Мұса таққа отырған кезден (960жыл) бастап, Қарахан мемлекетінің ресми діні-ислам деп жарияланды. Ислам дінін бұрынғыдай арабтар емес, енді

жергілікті түркілердің өздері белсенді түрде таратуға кірісіп кеткен еді. Бұл туралы ислам тарихы мен әдебиетін зерттеуші белгілі неміс ғалымы Г.Э.Грюнебаум төмендегідей тұжырым жасайды: «Иранские актеры, покинули сцену, тюркизация власти во вновь возникших много этнических государств (дар-аль ислам) стало неизбежным, тюрки возглавили новую широкую волну мусульманской экспансии» [5,140]

Қыпшак даласындағы түрлі ру-тайпалар, бір жағынан, өздерінің бұрынғы Көк Тәңіріне табынуынан туындайтын мажусилік (зороастризм) наным-сенімін де сақтап қалады. Дәлірек айтсақ, жаңадан келген ислам діні мен Көк Тәңірісіне табыну діні тоғысты. Гуманистік көзқарасты, адамгершілік пен имандылықты басшылыққа алған ислам діні басым түсті. Соның өзінде, ислам діні жергілікті жерде өзінен бұрынғы, түркілер сан ғаырлар бойы табынып келген Көк Тәңірісі дінінен ең жақсы қағидаларын өз бойына сіңіріп алды. Бірте-бірте Қыпшак даласында осы екі діннің өзіндік бір көрінісі пайда болды. Бұл сенім-ұғым бойынша, Қыпшақтар ислам қағидаларын да орындап, Көк Тәңірісі мен ата-бабалар аруағына да сыйынып келді.

Жаңадан құрылған мемлекет үшін елді басқарудың жаңа дәуір талаптарына сай келетін идеологиясын жасап алу керек болды. Бұл идеология жаңадан қабылдаған ислам дінінің қағида-шарттарына негізделуі тиіс болатын. Дәлірек айтсақ, мемлекетті басқарудың исламға негізделген әлеуметтік-эстетикалық нормаларын белгілеу қажет болды.

Міне, осы қажеттілікті өтеу үшін әл-Фарабидің «Әлеуметтік-эстетикалық трактаттары», ибн-Синаның «Даныш-намесі» («Білім кітабы»), әл-Бирунидің «Хикметтері» («Даналық сөздер»), Махмұт Қашқаридің «Түркі тілдерінің жинағы», Жүсіп Баласағұнның мемлекеттік басқару жайындағы атақты «Құдатғу білік» («Құтты білік») дастаны, Ахмет Иассаuidің «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы»), т. б. өмірге келді.

Қоғамдық өмірдің түрлі салаларын қамтитын жоғарыда аталған шығармалар үкімет билігін жаңадан қолға алған, түркі тектес жергілікті халықтардан шыққан әкімдер үшін аса маңызды болып табылатын ең басты сауалдарға жауап берді. Бұл сауалдар: мемлекетті басқаратын билеушілер, жергілікті әкімдер ақыл-парасаты, білімі, адамгершілігі жағынан қандай адам болуы

керек, сондай-ақ ел билеушілер мен карапайым халықтың өзара қарым-қатынасы қандай болуы тиіс, ақыл-парасаттың, білімнің, мінез-құлықтың қоғамдағы ролі қандай деген сияқты сұрақтар еді. Әсіресе этикалық, моральдік мәселелерге қатысты шешілмей тұрған теориялық проблемалар көп болатын. Сол себепті ислам дәуірінде этикалық-моральдік тақырыптарға туындылар көп жазылды.

Шығыс Ренессансы туралы сөз еткенде оның тағы бір бастауы сопылық бағыт (суфизм) жөнінде айтпай кетуге болмайды. Қазақстан жеріндегі ұлы ғұламалар Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бакырғани, әсіресе, Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығында сопылық сарын үлкен орын алған.

Сопылық бағыт ислам әлемінде о баста ресми дінге қарсы оппозициялық қозғалыс ретінде туады. «Суфь» термині арабтың «жүн шекпен» деген сөзіне орайластырып алынған. Сопылар-киім талғамайтын, бар ойы руханилық төңірегіндегі тақуа адамдар. Сопылық бағыттың тарауының бір себебі, әуелде ой бостандығын шектемеген араб халифаттарында X ғасырдан бастап фанатиктер күшсіе берді, олар Құранға қарсы деп әр түрлі ағым өкілдерін қуғынға ұшыратты. Әсіресе, иран, түрік және үнділердің көне мәдениетінен қалған мұралар Алла сөзіне жат деп жарияланды. Осы қуғын салдарынан Иран, Араб жерлерінен көптеген сопылар (өздерін дәуіріштер деп атаған) Түркістан жеріне қарай ағылды. Орта Азияда 300-400 мың дәуіріш пайда болды. Сопылар құдайды парасатпен емес, жүреппен түсіну керек деп жарияланды.

Түркі халқы ислам діні мен мәдениетін қабыл еткен соң бұрынғы көк Тәңірісіне табынуға негізделген мәжусилік сенімінен, әдебиетінен, өнерінен, жалпы алғанда, алғашқы рухани мұрасынан айырыла бастаған еді. Сонымен бірге, араб-парсы тілдері мен исламның оқу –білімі бұқара халыққа көпке дейін жат көрініп, түсініксіз болып келді.

Міне, осындай бір тарихи бетбұрыс кезеңінде өлең құрылысы жағынан көне түркі поэзияның табиғатына жақын етіп жазған, әрі оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген Ахмет Иассауи шығармалары жергілікті халықтың рухани өмірінде зор роль атқарды. Ақынның «Даналық кітабы» атты жыр жинағы арқылы карапайым халық ислам әлемінен, сол дәуір үшін ілгерішіл

саналған сопылық ағымның философиялық ой-пікірімен танысты.

Алайда сопылық әдебиеттің мән-мағынасын терең пайымдау үшін алдымен сопылық ағым, яғни суфизм жайында бірер сөз айта кеткен жөн. Сопылық пен сопылық әдебиетті жан-жақты зерттеген ғалым Е.Э.Бертельс: «Недостаточно констатировать наличие в суфизме гностических, неопланетических, манихейских и тому подобных влияния, надо попытаться объяснить, какие условия создали возможность для проникновения этих влияния. Только тогда мы сможем понять историческую роль суфизма и его дальнейшие судьбы; деп жазса,

Идрис Шах «Суфии представляют собой древнедуховное братство, происхождение которого никогда не было установлено или датировано,- дей келе ... суфии уважают различные обряды в той мере, в какой они способствуют социальной гармонии, и одновременно расширяют базис религиозного учения, ... так, например, ангелы олицетворяют для них высшие способности человека» - дейді [12].

Сопылық таным философиясы кұнарлы да қуатты әдебиет шығармаларын тудырды. Қарапайым халыққа лайықталып ұғынықты тілмен, халықтың өзінің сөз өнерінің үлгілерімен ұластыра жазылған діндар туындылардың поэтикалық жаратылысы біртіндеп күрделене түсті. Діни тұжырымдар мен Құран шарттарын жете білмейтін оқырман түсіне қоймайтын туындылар да пайда болды. Жалпы тұтастай алғанда әдебиет тарихы мен теориясында өзгеше мектеп ретінде мәлім әдеби кезеңінің бірі – осы діндар дәуір, сопылық философияның канат жайған тұсы. Алланың рухымен бірігуді сопы - шейхтар уағыздап отырды. Ол сопылық исламдағы жана ағым болып, Орталық Азияда сопылық IX-X ғасырларда тарап, ол белгілі бір қоғамдастыққа (орендерге) біріккен дара сопылық уағыздан көрініс тапты. Қоғамдастықтың басында арабтілдес елдерде шейх-иран тілдерінде шейх және пир, ал түркі тілдерде пир, ишан, баба, ата деп аталған жетекшілер тұрды. Орталық Азияда қоғамдастықтардың ең көп тарағандары – ғакшбандийа, иассауийа, кубравийа.

Ислам дінінің негізін калаушы Мұхаммед Пайғамбар мен оның серіктері («сахаба») қайтыс болған соң Құранның кейбір қағидалары белгілі бір нақтылы жағдайға байланысты тереңірек

түсіндіріп отыратын кітап қажет болды. Мұндай еңбек Мұхаммед Пайғамбардың көзі тірісінде Алла туралы айтқан сөздері, жарлықтар мен Пайғамбарлардың өміріндегі іс- әрекеттері туралы түрлі аңыз- әңгімелерге негізделіп жазылды. Оны «хадис» деп атады. Түрлі хадистердің жинағы, яғни «сунна» бертінде өмірге келді. «Мұхаммед Пайғамбар айтыпты» деген түрлі аңыз- әңгімелерді жинап, жүйелеп отыратын діни қызметкерлер («мухаддис») пайда болды. Алғашқы мухадистер «факих» (заңды жетік білетіндер) ретінде мұсылмандардың қолдауына ие болды. Құранның қағида- шарттарын көпшілікке түсіндіруде «факихтердің» ролі зор еді. Алайда бертін келе, мухаддисстер екіге бөлініп кетті. Олардың бір тобы – Аллаға жақындай түсу үшін өмірдің барлық ләззатынан бас тарту қажет десе, екінші топтағылар бұған қарсы шықты. Алғашқылары адамның кейбір табиғи қажеттіктерінен (жақсы киім, сауық- сайран, жұбайлық өмір, т.б.) бас тартып, қолда барға қанағат етуге шақырды.

Суфизм философиялық ағым ретінде біртекті емес екендігін ескерген жөн. Олар ислам қағидаларын түсіну, шарттарын орындау, ережелерін насихаттау жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Солардың бірі- «жахрия» немесе «иасауишілік» деп аталады.

Бұл бағыттың негізін қалаушы Қожа Ахмет Иассауи- түркістандық ғұлама. Қожа Ахмет Иассауи бүгінгі Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам (Исфиджаб, Аксу, Ақтүрбан Ақшаһар деп те аталады) қаласында дүниеге келген. Қожа Ахмет Иассауи – сопылық әдебиеттің өкілі. Ол бүкіл өмірін исламды уағыздауға, шәкірт тәрбиелеуге арнады. Ол алпыс үш жасында жер астына бір кісілік жер төле қылуға жасатып: «Мұхаммед Пайғамбар жасынан асып кеттім, бұдан әрі өмір сүруім күпірлік» (асып- тасығандық) болады»-деп, қалған өмірін сол жер астында өткізген, жетпіс үш жасында қайтыс болған.

Иассауи жер астында отырып, соңғы он жылда «Хикметтер» атты кітабын жазған:

Уа, дариға, махаббаттың дәмін татпай,
Жар да сүймей, үйді ойлап, дүние таппай,
Ойсыз, камсыз, шайтандықтан бойды тартпай.
Жан берерде жанталасқа түстім міне.
Кәміл пірім қызметінде тынбай жүрдім .
Дамыл таппай, көз ілмей, зырлай жүрдім

Өзәзілдің арбауында қынбай жүрдім
Сосын міне қанат қағып ұштым, міне.[6,7]

Ол осы еңбегінде өзінің Түркістанда туғандығын білдіріп отырады. Қожа Ахмет Иассауидің туған жылы анық емес . Кейбір зерттеушілер [14], [16]. Қожа Ахмет Иассауидің жетпіс үш жыл өмір сүргендігін және 1166 жылы қайтыс болғандығын негізге алып, оны 1093 жылы туған деген пікірде. Кейбір деректер [13], [21], онын жүз жиырма бес , жүз отыз жыл өмір сүргенін және 1166 жылы өлгендігіне сүйеніп һижраның 437/ 1041 туғандығын қуаттайды. Белгілі йасауитанушы Фуат Көпрүлү [1] Қожа Ахмет Иассауи туған жылын анық көрсетпесе де, оның өмір сүрген мезгілі ХІ- ғасырдың бірінші жартысында дегенді айтады.

Өзбекстандық зерттеуші Хамид Ғуламов 1097 жылы десе, соңғы жылдардағы иассауитанушылардың басым көпшілігінде (А.Егеубай, Н. Келімбетов, А. Қыраубайқызы т.б.) 1103 жылы туған деген көзқарас басым. Қ.А. Иассауидің шыққан тегі жағынан түрік, әкесі Исфиджабта атакты даңққа бөленген Әулис Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим екендігі мәлім. [15]. Тарихи деректерде Қ. А. Иассауидің ұстаздарының көш басында Арыстан Баб тұр. («Диуани хикмет», В.В.Бартольд, т.б.) «Диуани хикметте» Арыстан Баб туралы жиі сөз қозғалады:

«Жеті жасымда Арыстан Бабқа қылдым салам,
Мұстапаның аманатын бер деп маған,...» [6].

Қ.А. Иассауидің өмірі мен қызметі туралы жазба деректерде оның Юсуф Хамаданидің (1049/140)шәкірті екендігі көрсететін мәліметтер бар. [20]. Бұл мәліметтердің негізі Хамаданидің «Жауаһир ул –Абрар мин Амуаж ил Биһрар» атты еңбегі. Түркістандық иассауитанушы Момынов Қ.А.Иассауидің алғашқы ұстазы Баһа уд –Дин Исфиджаби екендігін айтады.

«Қожа Ахмет Иассауи хикеметтері Қазан төңкерісіне дейін қазанда (1889;1902), Стамбулда (1901), Ташкентте (1902,1911) бір неше рет басылды. Бұл басылымдарда өзбек тілінің элементтері басымырақ боп кеткен. Соңғы жылдары белгілі ақын Ә. Жәмішев [42]. 1,45 – 49, 51-54, 63 хикметтерін тәржімалап таныстырса, әдебиетшілерден Х. Сүйіншәлиев [21] Иассауидің даналық сөздері жайлы өз пайымдауларымен ой бөлісті. Дей тұрғанмен

акынның ғибратты дүниелері жайлы соңғы жүз жыл ішінде Ресей шығыстанушыларынан Е.Э. Бертельс [31], А.Н. Самойлович, [32] С.Е. Малов [33], А.К. Боровков, Ә. Наджиб, түрік оқымыстыларынан Ф. Көпрүлү секілді т.б. ғалымдардың еңбектері жарияланды», - дейді Ә. Дербісәлиев. [22]

Ахмет Иассауидің рухани ұстаз әрі уағыздаушы ретінде кең танымал болуына түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» өлеңдер жинақтары зор ықпал етті. Атақты «Диуани хикмет» - ауыздан ауызға беріліп, ұрпақтан ұрпаққа тараған, халықты, елді адалдыққа, шындылыққа, мейрімділікке, ұстамдылыққа әрі шыдамдылыққа шақырған түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы. Ахмет Иассауидің ғажайып жырларын оқып – үйренуге, зерттеуге, жариялауға біздің елімізде соңғы кезге дейін тиым салынып келгені мәлім. Тек еліміз егемендік алғаннан кейін ғана Ахмет Иассауи туралы ашық сөйлесуге мүмкіндік туды. Ақын жырларын зерттеу, тәржіма жасау істері шындап қолға алына бастады.

Иассауи ілімінің тереңіне бойлай білу үшін оның хикметтерінің тілін, сопылық символдармен нақышталған ұғымдардың кілтін аша білу маңызды. Иассауи хикметтерінің мәні, философиялық өзегі – адам.

Адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады.

Біріншісі- шариғат, яғни, ислам дінінің қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мұлтіксіз орындауды, әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді.

Екіншісі –«тариқат» - дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту. Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады.

Үшінші –« мағрифат» - күллі дүниедегі болмыс – тіршіліктің негізі – « бір Алла» екенін танып білу.

Төртіншісі – « фано», « ақиқат» - Аллаға жақындап, танып білудің ең жоғарғы басқышы. Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметін» адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Адам «кемелдікке» жету үшін қажетті білімді игеріп, мәліметтермен қарулануы керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адамның көркемдігі жағынан ең жоғарғы суретте жаратылған болмыс екендігі айқын көрсетілген.

II. Қожа Ахмет Иассауи шығармаларындағы сопылық символдар, сопылық терминдер.

Қ. А. Иассауиде адамның табиғаты - Құранда да айтқандай – су мен топырақ.

«Асылын білсең , су йа кил (топырақ)
және килге (топыраққа) кетер йа – дейді. [6, 56]

Бұл жерде топырақтың сопылық мағынасы адамның жаратылыс табиғатын , парасаттылық пен қайырымдылықты білдіреді. Ол парасатты адам деп топырақ тектес , карапайым , менмендіктен арылған адамды айтады. Бұған карама – карсы нәпсіқұмарлық, менмендік, қуыс көкіректік адамды адамдыктан ажырататын құбылыстар.

«Надандармен жолдас болма.
Наданмен өткен өмірің тозақ болар .
Жер астына қашып кірдім надандардан
Дана таппай жер астына кірдім міне. [6,40]

Немесе:

Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып, дұға тілеймін жомарттардан.
Ғарып жаным жүз тасаттық даналардан,
Дана таппай, жер астына кірдім міне!
Ақырында жаксы кетті, қалдым жалғыз,
Надандардан естімедім бір жаксы сөз.
Дана кетті, надан қалды, көп өкініш,
Жол таба алмай, қайран болып қалдым міне!
[6,46]

Нәпсіге құл болуды , менмендікті надандық деп бағалайды. Осы менмендіктен арылған адам ғана адам деген ардақты атқа лайық бола алады. Бұл жерде данышпан Абай да :

Адам бір бок , көтерген боктың қабы:
Өлсең сасық боласың, одан да әрі;
Сенімен мен тең бе деп шіренесін,

Белгісі надандықтың оның бәрі,- [10,228].

деген өлеңінде , менмендікті надандықтың ретінде сынап, жиіркенішті символдық тілменен түйреп өтеді. Надандық, қараңғылық ХХғ. басында өмір сүрген.Шәкәрім ақынның [7] назарынан да тыс қала алмады.

Япырау, бұл не деген наданшылық.
Осынша жайыла ма жаманшылық.
Есі шығып елірген бәрі де мас,
Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық,- [7]

деп күйінсін ақын.

Нәпсіқұмарлық, надандықты Мәшһүр-Жүсіп те сынаған:

«Болып мас татып алып арам астан,
Кәпір бас өз жанына болған қастан.
Махаббат,мархабатлы болмаған соң,
Уыз жас қалды көңілім замандастан!
Наданға бұл арнаулы келсін қайдан?!

Көп надан іздегенін табар қайдан?!

Надандар «қаңғыған!» деп шыдатпайды.
Шәкірттер оқып келсе әр бір жақтан.

Жігіттер, сарандықты қылма нәсіп,
Болмайды сараң жанға жұмақ нәсіп,
Болса да өзі таққа, өзі сопы,
Тозақтан құтылмайды сараң қашып. [8]

Ақын сыртын жөндеп, ішін түзеген ғалымдар мен дүниеқоңыз, паракор әкім – жауыздарды, тіпті, дін иесі, арамзаларды да салыстыра бағалап, алғашқылардың махшарда жүзі жарқын болады десе, кейінгілердің орнын тамұқ деп белгілейді. Дүние үшін өмір сүргендерді, алаяқ, арамзаларды ол аяусыз түйреп:

Дүние менікі дегендер – жаһан малын алғандар,
Құзғын құсқа арамға белшесінен батқандар.
Молда мүпті болғандар – жалған жала жалқандар,

Ақты кара қылғандар тамұкка түседі.
 Қазы, имам болғандар – нақак жала қылғандар,
 Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады.
 Пара алған әкімдер – арамдықпен жүргендер,
 Өз бармағын өз шайнап өкініпен қалады! – дейді. [8]

Қ. А. Иассауидің кейбір хикметтерінде өзінің бүкіл болмысымен топыраққа айналғандығын білдіретін символдық тіл қолданады:

« Басым топырақ , өзім топырақ , тәнім топырақ;
 Хакқа қауыштар ма екем деп - рухым муштак». [6,80]

Бұл сопылық категориялық мағынада « уисан» (хаққа қауышу) мақамын білдіреді. Топырақ болу , нәпсіден арылу Хакқа қауышудың бірінші шарты. Сопылық терминологияда әулиелер мен пірлердің қабірін де «топырақ» дейді. Олардың қабірлерінің басына жатып, түнеп, аруақтарынан медет , жәрдем тілейді. Әулиелер, кемел даналар тірі кезінде де қабірде де халыққа жол көрсете алады. Бұл құбылыс сопылық дүниетанымның ажырамас бөлігі.

Иассауи дүниетанымында әулие данғыл жол, өйткені ол халқының жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның екі арасын айыруына жөн сілтейтін бүкіл құдайлық имандықтың,

Алланың рақымының қоғамдағы көрінісі болып табылатын дана тұлға. Әулие адам, шынай зиялысы бар қоғам немесе халық шындыққа барар жолда адаспайды. Иассауидің

«Топырақ болғын, әлем сені басып өтсін» [6,80]

дегендегі айтпақ болған ойы осыған тіреледі. Қазақтарда туған жер, Отан деген қасиеті ұғымдар «Ата – бабамның мекені, бабамның сүйегі жатқан жер» - сияқты дәстүрлі дүниетанымдық топырақтан нәр алады.

Топырақ болу, Отанды сүю, патриоттық тәлім-тәрбиенің көзі, қоғамға ұлтына пайдалы, құнарлы да жемісті болудың шарты. Иассауи ілімінде Хакқа қызмет ету халыққа қызметтен басталады. Ал халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты, топырақ сипат болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипат болып, өз халқына арнау кемелділікті білдіреді.

Шәкәрім адамның дүниеге орнын, тіршілік күйін былай суреттейді:

Құс, балық, шаян, көп алуан,
 Айуаннан өсіп болдык адам.
 Кейіміз есті, кейіміз надан,
Жаралыс салған сондай мән
 Жанымыз күннен келген нұрдан,
Тәніміз топырақ пенен судан.
 Күн – атам, анық жер – анам,
 Бірі нұр беріп, бірі – тамақ,
 Бұзады бірақ қайтадан.
 Ер жетем, толам, қайта солам,
Әрі анам – бұл жер, әрі молам,
 Денемді жұтпай тынбаған. [7]

Қазақ поэзиясындағы жас мерізімдерін шалқыта суреттеу де Қожа Ахмет Иассауи дәстүрінің әсерінен екенін аңғару қиын емес. Ақын «Диуани Хикметте» [6] 63 жасқа дейінгі өмірін нақтылықпен, көркем сипаттай келіп, сол жасының өзінің дүниетанымына, алланың құдірет – күшін білуіне, толысып – кемелденуіне еткен әсері тұрғысынан ашып түсіндіреді. Ол осы жасаған өмірінің кезеңдерін өзінің білім – тәжірибесінің артуы, дүниені танып – ұғудың кезеңдері жағынан алып саралайды:

Бір жасымда әруақ маған аян берді,
 Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді,
 Үш жасымда қырық шілтен үйге келді,
 Сол себептен алпыс үште ендім жерге.

Төрт жасымда хак Мұстафа құрма берді,
 Жол көрсеттім, қаншама жұрт дінге сенді...

Бес жасымда белім буып қылдым тағат,
 Ораза тұттым жібермей ешбір ағат...

Алты жаста халайықтан алыстадым,
 Көккес шығып періштеден дәріс алдым...

Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты,
 Бойдағы бар кемтігімді бүркеп жапты...

Сегізімде сегіз жактан жол ашылды,
Хикмет айт деп басыма нұр шашылды...

Тоғызымда тұрыппын тура жолда,
Тәбәрік деп көтерді ел қолдан қолға...

Құл Қожа Ахмет, он жаста боз баласың,
Қожалыққа мойын бұрмай толғанасың...

Он бірімде нұр дария толып – тасты,

Жасым жетті жиырмаға өттім сыннан

Отыз жасқа толдым қазір,
Шын ғашықтық жолы ұзақ маған әзір... (5-10
хикметтер).

Рас, мұның көптеген үксастықтарымен қатар, кейбір өзгешелік белгілері де жоқ емес. «Диуани хикметте» жас бейнелерін жинақтап түйін айту басымырақ болса, қазақ әдебиетінде бұл үрдістің жалғаса жырлану арқылы тың сапаға ие болғанын көреміз. Бұл тақырыпты кезінде Абай да қозғаған. Оның өлеңдерінде адамның жасы ұлғайған сайын өсе түсуге тиіс адамгершілік парыз бен атқарған ісіне деген жауапкершілік сезімдері бірінші орында көрінеді. Ал Шәкәрімнің «Кәрілік туралы» өлеңінде жастық пен кәрілік аралығындағы адамның бүкіл өсуі, дамуы мен өшуінің заңды эволюциясы көрініс береді. Акынның тұжырымдауынша, жас кезінде атқарған ісінің бәрі мәнді, жасына жас қосылған сайын ол азая бермек, қиындай түспек. Кәрілік кезеңі адам ғұмырындағы жай ғана картаю, физиологиялық тозу емес, сонымен қатар бар үміттен арылған, әлі де, сәні де ортайған сыйықсыз да сүйкімсіз кезең. Кей сәтте кәрілік дегенің Шәкәрімге өліменен де сұсты көрінеді. Осының бәрін екшей келе акын терең философиялық тұжырым жасайды:

Қайғы емес қаза,
Болмайды наза,
Нақтылық басқа бір өлім.

Туған жер өлмек,
Тағдырға көнбек,
Кімді ойлайды бұл өлім-
Шал болмай-ақ өлейін.
Алла ісіне көнейін,-дейді [7]

акын, сөйтіп, «алпыстан әрі бармандар, байқамай шал боп қалмандар», -деп ескертеді.

Шәкәрімнің осынау тұжырымында тағдырдың салғанына мойын ұсыну, жаратушының алдындағы шарасыздық емес, адам ғұмырының заңды межесі, өмірдің соңғы саздары бар.

Адам өмірінің түрлі белестерін сипаттау тақырыбы М.Ж.Көпейұлын да тән тақырып. М.Ж.Көпейұлына Қ.А.Иассауи дәстүріне тікелей сүйенгенін оның «Машһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны» [9] деген өлеңінен көруге болады.

Ағзу бисмилла бар сөз басында,
Жатпайды қисық ағаш тез қасында
Ла илаһа Илла алла білдім хакты,
Таныдым бір Алланы бір жасымда.

Екеу деп ойламадым екі жаста,
Көңіліме төгілген нұр әуел баста.
Хабибім Хак Мұхаммед, Дінім-Ислам.
Иманның жөнін білдім басқа-басқа.

Үшеу деп ойламадым үш жасымда,
Атамның отырушы ем жанбасында,
«Жан алла, ия, пірім... алла, һу-һу Хак! деп,
Жүгірдім жақсылардың ортасында.

Төрт жасқа келіп қалдым сөйтіп жүріп,
Жүгірдім мен атамның соңынан еріп.
Қуанған ата-анам, аға-інім.
Молдаға оқытуға мені беріп.

Бес жаста ауызға алдым «Бисмилланы!»
һап тиек құран оқып, білдім мә-ні!!
Иассауи Қожа Ахмат хикметінен

Көңіліме төгілді Нұр хам Кәләми.

Ақылды мен ойладым он бірімде,
Белгілі Мәшһүр болдым өз елімде.
Сөзге шешен, жауапқа көсем болып,
Отырдым он екімде жұрт төрінде.

Он тоғыз, жиырма менен жиырма бір,
Жағалап жиырма екі қай жакта жүр?
Көрінбес өткен ғұмыр бір сағаттай,
Не ілдім бұ дүниеден, сен мені көр! [9]

Иассауи кемелділікке жету үшін адамға ғашықтық (ашқтық) (қуатты махаббат) пен дерт болу керек дейді.

«Дертсіз адам, адам емес мұны анла;
Ашқсыз инсан хайуан жынысы бұны тында»[6]

- осы хикмет жолындағы «дертсіз адам», «ашқсыз адам» категориялары адамзат тарихында ең басты мәселе, ұлт тағдырында болсын, қоғам өмірінде болсын «көзге шыққан сүйел» сияқты. Дертсіз адам адамдық жауапкершілік сезімдей жүрдай, өзінің ұлтының, қоғамның, Отанның алдында жауапсыз, мұнсыз тоңмойын, кара басының камын күйттейтін, шығар жаны- дерті жүрегінде емес, қарнында болатын мақсатсыз жан. Ашқсыз адам – илиһи фитраттан, яғни Алла тарапынан адамға берілген құдайлық сыйдан мақрұм қалған, өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, адамдық парасаттылыққа деген ұмтылыстан бейхабар, өзін қоршаған әлемге, адамға, табиғатқа, Жаратқанға мән бермейтін, немқұрайлылық әлемнің жасамды перзенті. Өзі де «сәулесіз» қуыс, бос кеуде болғандықтан, ол үшін өмір – мән-мағынасы жоқ, қаңыраған бос дүние. Осындайларға данышпан Абай да :

-

«Махаббатсыз дүние дос ;
Хайуанға оны қосыңдар» [10,107]

деген ғой. Ал дертті болу, ашқ отына күйіп жану парасаттылықтың, адамгершілік кемелдіктің көрінісі. Дертті адам – ғафлеттен аулақ, «көңіл көзі ояу» болғандықтан кеудесінде шер, көзінде жас болады. Дертті адам типінің Иасауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде «Білімін – шырақ, халін – пілте, көз жасын, яғни қайрат, жігерін – жағатын май» болсын дейді. Міне, дертті, шерлі адам халі- пілте болып жанып, ашқ отына түсіп, қоғамның кемшін тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді. Шынайы ашққа осы дерт арқылы ұласады. Ал ашқ кемелдікке жетелейтін күш, энергия көзі. Иассауи ілімінде адамның жаратылыс мақсаты – Хаққа құлшылық (ибадат):

«Сізді бізді Хақ жаратты ибадат үшін»

- дейді. Бұл- ибадат Хақты тану жолындағы мақам. Құдайлық ашқты, Аллаға деген махаббатпен тұтастық ішінде көрінетін Иасауи дүние танымы Алла жаратқан адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде көріп, құрметтеуді парыз деп қарайды.

«Сүннет екен көпірде болса берме азар»;
«Көңілі қатты діл-азардан Құдай бизар» [6]

хикметі адамның тегі мен түсіне, діні мен діліне карамастан оған құрмет көрсету, адам ретінде ардақтану құдайлық сүннет (жүйе, заң, қағида) ретінде танытады. Өйткені, Иассауи ілімі – дін, мазхаб аясынан асып тасатын абсолюттік ашқ (махаббат) жолы. Осы ілімнің рухынан сусындаған данышпан Абай да Ахмет Иассауидің мораль философиясындағы құдайды танып- білу, имандылық, ораза, қажылық, т.б. мұсылман дінінің негізгі қағида шарттарын парыз-қарыздарын зор білгірлікпен жырлайды. Абайдың «имани гүл» (үш сүю), «жәуанмәртлік», «толық адам» сияқты аса күрделі гуманистік ойлары Иассауи философиясынан туындап жатады. Абай өзінің бір қатар өлеңдерінде кезінде Иассауи қолданған діни атаулар мен терминдерді сол күйінде өзгертпей жазады. Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті

Осы үш сүю болады имани гүл,
 Иманның асылы үш деп сен тахқик біл
 Ойлан-дағы үшеуін таратып бак
 Басты байла жолыңа ,малың түгіл
 Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы,
 Екі дүние бір тасдик –хақтың досы.
 Руза, намаз, зекет, хаж талассыз іс,

Жаксы болсан, жаксы тұт бәрін тегіс,-дейді[10,112]

Иассауи дүниетанымында «дерттi адам», «топырақ адам», «кемел адам» типтерiнiң жанында «ғарип адам» типi де дәрiптеледi. Ғарип адамды идеал – кемелдiк мәртебесiне шығарып, пайғамбардың қоғамдағы өкiлi, iзбасары ретiнде бағалайды. Ғарип адам ұғымының сопылықтағы мағынасы:

а) адам негiзгi отаны – рух әлемiнен бұл дүниеге келген қонақ, бұл дүниеде өзiн ғарип сезiнiп, асыл отаны – рух, ақиқат әлемiне қауышуды ансаумен, сағынумен болады;

ә) ой –санасының мәні мен жоғары дәрежедегі рухани халіне ешкім бойлай алмағандықтан жалғыздық дертіне шалдыққан адам. Ғарип адамға - надандар арасындағы ғұламалар немесе пасықтар арасындағы тақуалар мен әділетті көксеушілер мысал бола алады. Иассауи өзін де ғарип ретінде көрсетеді: «Ғариппін ешкімім жоқ, бейшарамын һәм пақыр; Сеннен басқа кімім бар, рақым ет Сен (Алла) таң сәріде» - өзі ғарип, рақымды тек Алладан ғана күтеді. Өйткені, оны Алладан басқа шын ұғатын, қолдайтын ешкім жоқ. Оны ғарип қылып, жалғыздыққа итермелейтін күш оның адамдық позициясы, илаһи ашқ – Хак жолында деген ұмтылысы мен махаббаты. Ғариптік жеке адамның өз - өзімен шиеленіскен күреске түсіп, санасын сансыратқан мәселелердің шешімін табу жолында рухымен тілдесуді, өз әлемінсін ғана ләззат алу сияқты көңіл – күйді білдіретін психологиялық хал. Осындай көңіл – күйді данышпан Абайдың да басынан кешкендігін

«Моласындай бақсынын;
 Жалғыз қалдым тап шыным» [10]

деуінсін – ақ байқауға болады. Ғариптер әрбір қоғамдағы пайғамбарлардың мұрагерлері сияқты. Сондықтан да Иассауи: «Қай жерде ғарип көрсен һем деп болғыл» дейді. Яғни оларға дем

бер, колдау көрсет, қасынан табыл, құрметте дегені еді. Өйткені ғариптер Құранның көрсеткеніндей әлем болмысы мен тіршілігінің баянды жалғасуының тікелей себебі мен принципі болып табылатын кемел адамдар. Сопылық философияда кемел адамдар болмағанда, әлем жаратылмас та еді. Әлемнің тіршілігі мен жауапкершілігі осы кемел адамдарға байланысты. Әрбір қоғам рухани негіздерінен айырылғанда құрдымға ұшырайды. Ал кемел адамдар қоғамның руханиятының кепілі сияқты. Сопылықта кемелдікке жеткендерге «өлмес бұрын өлгендер» дейді. Сопылық дүниетанымда өлімнің өзіндік ерекше орны бар. Иассауи дүниетанымында өлім ешқашан болымсыз, теріс ұғымды білдірмейді. Ғазали «өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей тұрып, өмірді тани алмайсың» дейді. Иассауи ілімінде нәпсі жамандықтың, ал рух болса, жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Жақсылық пен жамандықтың ынтымақ құру мүмкін болмағаны сияқты нәпсі мен рухтың қатар өмір сүру де мүмкін емес. Екеуінің бірі ғана өмір сүруі керек. Ал рухтың өмір сүруі үшін нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының сафтығында жатыр. Рух тазалығынан максат ашқ мәртебесіне ұласып, Хақ дидарын көру болып табылады.

«Муту кабла ан тамуту – топырақ болмақ;

Ашктар өлмес бұрын өледі екен...».

«Құл Қожа Ахмет, нәпсіні тептім, нәпсіні тептім;

Өлмес бұрын жан берудің дертіншектім

Дидар тілеп терк етсем масиуаны

Өлмес бұрын болмысыңды айла фани...»[6,80]

- бұлар «өлмес бұрын өлу» философиясына тән хикметтер. Бұл жерде өлмес бұрын өлудің нәпсіден арылу және Хаққа қауышудың шарты, мәңгілік өмірге қауышу екендігін көруге болады. Иассауи бұл жерде масиуаны (Хақтан басқа барлық дүниені) терк ету арқылы шынайы өмір мәнін ұғынуға шақырады. Оның көзқарасы бойынша, «шынайы өмір» деп, рухтың нәпсіден арылып, илаһи нұрларымен шайылуын айтады. Сонымен бұл ілімнің негізінде адамдарды «өлілер» және «тірілер» деп қарауға болады. бұл жердегі «өлі» және «тірі» ұғымы рухқа байланысты айтылады.

«Өлілер» - бұл дүниеде нәпсінін құлы болып өткендер, тірі болса да өлікпен тең. «Тірілер» - нәпсілерін жою арқылы рухтарына «өмір» сыйлағандар, олар өлсе де мәңгілік өмірге қауышқандар, бақи мәртебесіне жеткендер деп танылады. Иассауи дүниетанымында физикалық өлім жоқ. Ол жай ғана рухтың тәнінен айырылып, басқа бір халге ауысуы. Осы мәселеде данышпан Абай да физикалық өлімді қабылдамайды. Оның;

- «... Өлсе өлер табиғат адам өлмес;
Мені мен менікінің айрылғаны;
Өлді деп ат қойыпты өншен білмес» [10,228]

деуі физикалық өлімді қабылдамауының айғағы. Иассауи дүниетанымында Аллаға құлшылықтың ең жоғарғы халі еркіндік дейді. Яғни Хакқа толық құл болған адам толық еркін, азат деген сөз. Демек, Алладан басқа барлық нәрседен тазару шынайы еркіндікке ұласады. Сопы Хак адында құл, халық алдында азат, еркін. Сопылықта Хакқа құлшылық халыққа қызмет ету арқылы жүзеге асады деген принцип бар. Бұл тек шынайы еркіндікке жеткен адам ғана толық мағынада халыққа қызмет ете алады дегенді білдіреді. Иассауидің де еркіндікке жетудің мәртебелері мен басқыштары бар. Бұлар сопылық дүниетанымындағы «халдер» мен «мақама» категорияларының рет- ретімен жалғасуы арқылы жүзеге асады. Ішкі еркіндік жайындағы мәліметтің қайнары – дін. Алдын деген азаматқа «ішкі құлдықтан» құтылу және «ішкі еркіндікке» жетудің жолын көрсететін Алла тарапынан берілген илаһи жол. Сонымен Иассауи ілімі бойынша, адамның «өлілер» мен «тірілер» категорияларына сәйкес түр еркіндік мәселесінде де адамдарды екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топқа «еркіндікті ансаушылар» дейміз. Бұлар тек қана Хакқа табынып, құлшылық етеді. Екінші топқа да «еркіндіктен қорқатындар» дейміз. Бұлар-нәпсі, мансап, байлық, атақ, мақам, дүние, адам, т.б. масиуаларға табынып, құлдық ұрады. Иассауи дүниетанымдағы хикмет ұғымы ақыл, парасат, дін ғылымы, ең ұлы ғылым арқылы ең ұлы болмыстың танылуы дегенді білдіреді. Иассауи хикметтің Алланың сыйы, оның қайнар көзі де Алла скендігін айтады. Құранда Алланың хикметі қалаған тандаулы құлына беретіндігі жөнінде аят бар. Хикметті

өлімді ойлау, еске алу ретінде де танытады. Хикмет мәңгілік ескірмейтін, ортаймайтын қазына, өйткені Алладан келген сый-несібе, Иассауи «*Диуани хикмет*» атты мұрасында шариғат тариқат, мағрифат және хақиқаттың маңызы мен сопылықтағы орнына көп тоқталады. Ал «*Мират ул-Кулуб*» рисаласында шариғат, тариқат, хақиқаттың мәні мен маңызына жеке-жеке тоқталып өтеді.

«Пакрнама» рисаласында тариқат, мағрифат, хақиқаттың әрқайсысы он-оннан қырық мақамнан тұратындығын, шариғаттың – жабарут (табиғатпен үйлесу) әлеміне, тариқаттың – малакут (өмірдегі тіршілікті) әлеміне, мағрифаттың – лахум (рухани өмірге жету) әлеміне, хақиқаттың – насут әлеміне қатысты екендігін айтады. Адам бұл мақамдарды түгел игергенде өзінен илахи күш-қуат көреді. Рухындағы күштің Алланың сыйы, нұры, жаратылыс сыры екендігін таниды. Қ.А.И.-де *зікірдің* маңызы үлкен.

Зікір Аллаға ұласудың, дидаар көрудің шарты. Зікір Хакты еске алу, еске түсіру, әрдайым Алланы санасынан, жүрегінен, есінен шығармау деген сөз. Мұндай адамның сөзі, өзі, ісі, тұрысы Хак атымен басталып, Хакпен аяқталады. Зікір немесе Зікір салушы сопылар Алланы бір сәт естен шығармайды.

Зікір айтып, риза болып хакты таптым,
Дүние қызығын талақ етіп жаншып тептім.
Естен танып, рәсуа болып, жаннан бездім,
Бәрінен безіп жер астына кірдім міне. [6,100]

Иассауи оның іліміне және иассауиша мәдениетіне деген қызығушылық бүгінгі таңда өрістеп отыр.

«Даналық кітабында» негізінен төрт нәрсе мадақталады. Олар: «шариғат» - ислам заңдары мен әдет – ғұрпының жинағы. «тариқат» – сопылықтың идеясы, мұрат – мақсаты, «мағрифат» – дін жолын танып, оқып білу; «хақиқат» құдай және оған жақындау. Ахмет Иссауидің ойынша, «Шариғатсыз», «тариқат», «тариқатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады.

Өтті ғұмырым шариғатқа жете алмадым,

Шариғатсыз тарихатка өте алмадым.
 Хақиқатсыз мағрифатка бата алмадым,
 Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар. [6,67]

Рас, әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды Ахмет Иассауи ислам дінінің шарттары арқылы түсіндіруге әрекет жасайды. Соның өзінде, ақын әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді сынап, халық мүддесін ескергісі келмеген тәкаппар жандарды әшкерелеп отырады. Халықты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндейді:

Ғаріп, пақыр жетімдерді қылған шадман,
 Құлдық қылып, ғазиз жанды еткін құрбан.
 Тағам тапсан, шын пейілмен күткін мейман,
 Халықтан естіп бұл сөздерді айттым, міне...
 Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер,
 Риза болар ол пендеге пәруәрдiгер.
 Ей, бейхабар, болма күмән, сені асырар.
 Хак Мұстафадан естіп, айттым мұны...
 Дүние үшін кам жеме, хактан өзгені сөз деме,
 Кісі малын сен жеме, сират көпірде тұрар.
 Әйелің, қарындас, ешбір болмас ол жолдас,
 Әлек болып ғаріп бас, өмірің желдей өтер...
 ...Алла жадын айта алмай, өліп кетсем,
 Ессіз өмірім арманда өтер достар...
 ...Хақиқат дариясынан ішкен кісі,
 Өзі мұнлық, көңілі сынық, көзі жасты...
 ...Хак қаһарынан қорқып, жасын төкпегендер,
 Тозақта жүз мың азап тартар достар...
 Әділетсіз залым патша болғаны – ай,
 Ордасына өңшен қудың толғаны – ай.
 Бірін – бірі жиналысып, қолпаштап,
 Су төгілмес жүр ғой бәрі жорғадай... [6,88]

Иассауидің «Хикметтер» кітабы адамдық, ізгілік жолына үндейді. Мысалы:

Сөзімді айтам зейін қояр барша жанға,
 Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.
 Демеу болсын ғарып, пақыр шаршағанға.

Кскірейген кердендерден каштым міне.
 Қам көңілдің қайғысына дауа болғын,
 Жолдан шаршап – шалдыққанға сая болғын.
 Махрам күні мархабат ет, пана болғын,
 Мейірімі жоқ менмендерге қаспын, міне. [6]

Адамдардың пейілі бұзылып, заманның азғанына киналады:

Даналардың айтары келер болды,
 Қияметтің қияпаты төнер болды.
 Ақымақтар айкаймен женер болды.
 Бұл не деген замана болды, достар?
 Үлкен- кіші адамнан ибалық әдет кетті,
 Қыз- бозбала , жастардан әдеп кетті.
 Мінез- құлықты бұзатын әлек жетті.
 Бұл не деген замана болды, достар? [6]

Иассауидің даналық ойлары Баласағұн мен Абай философиясының орта тұсында жатыр. Сондықтан да осы ойшылдың көзқарастары өте ұқсас. Үшеуі де бір арнадан тараған, бір дәстүрден шыққан. Ол – қазақ әдебиетінің терең тамырлары. Мысалы, Иассауи де, Баласағұн да, Абай да бес нәрседен қашық болуды айтқан. Иассауи айтқан бес нәрселер мыналар:

1. Алланың ақ жолын мойындамаудан қашық бол:

Өз көркіңе өзің мәз бола берме,
 Өзіңе -өзің сұқтанғаның сірә жөн бе?
 Алланы айтып тәуба қылғын жөнге кел де,
 Түн ұйқыңды төрт бөліп, алдынды ойла.

2. Менмен. тәкәпар болма:

Менмен болсан , тамұқ күтіп алар алда.

3. Дүние-мүлік үшін арыңды сатпа:

Дүние- мүлікке құмартып, жаһан малын
 жиғандар

Құзғын жемін жегендер арамға әбден
 бакпашы

4.Арамдыктан аулақ бол:

Арам жеген әкімдер, құныққандар параға,
 Өз бармағын тістелеп, өкініш отқа
 жанбақшы

5.Еріншек болма:

Еріншек болмай оқуға, алындар білім
кеңінен
Жокка. әрине, дауа жок, бардын жолын
табындар. [6]

Иассауи «Хикметтер» кітабында өмірде не нәрсе құнды, неден
қашу керек, неге асығу керек деген мәселелерге жауап береді.
Мәшһүр Жүсіптің «Бес қымбат» деген өлсінінде:

«Ен әуелі керек нәрсе иман» деген,
«Ақырет, істеріне «иман!» деген!
«Құдай кешірет!» дегенмен іс бітпеуі,
«Иман шартын білмесе, есен» деген.

«Екінші керек нәрсе-ғақыл» деген.
Ғақылсызда тауық жағы тақыр!» деген.
«Аз іске ашланып, дінін бұзар,
Иманын көпірлерге сатар!» деген.

«Үшінші қымбат нәрсе-сабыр!» деген,
«Сабырлысы мұратын табар!» деген.
«Әр істе сабырсыздың тәуде-зорлық,
«Сабырсыздық басқа пәле салар!» деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе-шүкір» деген,
«Нығымына шүкірсіздік-күпір!» деген.
«Жатқан жерден «Құдай кешір!» деген қорлық,
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!» деген.

«Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп» деген,
«Әдепсізде иман тұру ғажап!» деген.
«Көпірлік әдепті де тұрмағандай,
Әдеп деген махаббатқа себеп!» деген. [8,93]

Шәкәрімнің де адамгершілік деген ұғымға қатысты ой –
пікірлері өзінің ұстаздарымен үндес, сабақтас:

Сабыр, сактык, ой, талап болмаған жан,
Анык төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, ракым, ар – ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан, -

Немесе: Еріншек ашу, құмарлық –
Бұларды істен шығардық.
Жамандықтың басы осы,
Кісі болса ұғарлық... [7]

Кітаптың соңында өмірдің ақыры таяу екендігін, енді о дүниеге
пейіл беру керектігін жазған:

Ау, достарым, білмеймін өлсем халім не
болар?
Күні ертең көрге кіргеймін, сонда халім не
болар?
Жылан кірсе қойныма, орала кетсе
мойныма,
Не қалар мендей сорлыда, білмеймін халім
не болар?
Құрт- құмырсқа үймелеп, етімді жатса
сүйрелеп
Берер маған кім көмек, білмеймін халім не
болар? [6]

Бұл жерде Иассауи өлемін деп киналып отырған жоқ, қайтсем
күнәдан пәк боламын деп киналады.

Есімдері әлемге машһур Сағди, Хафиз, Жәми, Низами, Руми
сияқты шайырлар кезінде сопылық ағымның ұтымды
сарындарын пайдалана отырып, гуманистік идеяға құрылған
ғажайып жыр – дастандар жазғаны мәлім. Түркі тіліндегі
сопылық мистикалық әдебиеттің негіздерін қалаушылардың бірі
Ахмет Иассауи хикметтерінің әлеуметтік астары тереңде
жатқанын аңғару қиын емес. Мәселен, ақын жалған ғалымдар
мен жағымпаз жандарды өлтіре сынайды:

Білгірі заман акыр залым болды,
Жағымпаз жан алғыштар ғалым болды,
Сойқанды елге ашық айта алмаудан
Ішіме менің дертті жалын толды. [6]

Ахмет Иассауи өзінің ұзақ жылғы өмір жолын түйіндей келіп бұл өмірде ақиқаттан артық қасиет жоқ деген қорытынды жасайды:

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,
Ақиқатты ары тазы сүйе біл.
Дүние қорлар кетсін бықсып өзімен
Халық қана дүниеге ие бұл. [6]

Сөйтіп, Ахмет Иассауи тек дін насихатшысы ғана емес, сонымен бірге, ол адам бойындағы ізгі қасиеттерді көкке көтере мадақтаушысы, өз оқырманын әділ, мейірімді, сабырлы, жомарт, кішіпейіл болуға шақырған ойшыл ақын.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Р.Бердібасов [36] қазақ көркем сөз өнерімен Ахмет Иассауи поэзияның арасындағы дәстүр жалғастығы туралы айта келіп, «түркі әдебиетінде жиі ұшырайтын «иман нұры», «заһар көзі», «сырдың көзі», «тарифаттын ләззаты», «махаббат майданы», «мағрифат бостандығы», «хақиқат дариясы», «ғашықтың дерті», «махаббат бостандығы», «гүл шарабы», «көңіл көбәбі», «Дәрислам сарайы», «ақиреттің азығы», «махаббат жүгі», «мағрифат бұтағы», «үкім құрығы», «шарифаттын көйлегі», «ғашық дүкені», «мехнаттын дариясы», «дүрдің кені», «жан дауасы», «шайтан жолы», «нәпсі шайтан»... тәрізді бейнелік қатарлар бұрыннан келе жатқан тамаша дәстүр айдынына апарды», - деп жазды.

Ахмет Иассауи жырлары қазақ еліне ғана емес бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ мұра екені мәлім. Арада сан ғасырлар өтсе де өзінің мән-мағынасын кемітпей, қайта уақыт озған сайын қадір-қасиет арта түскен бұл ғажайып хикмат-жырлар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, рухани мұра ретінде өмір сүрс беретіні даусыз.

Ахмет Иассауидің сопылық сарындағы ой-пікірлерін оның шәкірттері жалғастырып, кезінде көптеген хикмат-жырлар жазғаны мәлім. Ғұлама ақынның ел ішінде ең танымал болған дарында шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бакырғани еді. Ақынның туған белгісіз, 1186 ж қайтыс болған. Оны жұрт Хакім ата деп атаған.

Сүлеймен Бакырғани да өзінің гуманистік бағыттағы ой-түрлерін Ислам діні қағидалары тұрғысынан түсіндіруге әрекет

жасайды. Ал, біз кеңестер кезінде дін атаулыға сыңаржақ қарап, онын адамды ізгі қасиеттерге үндейтін ілгершіл рөлін теріске шығарып келдік. Сол себепті Сүйлеймен Бақырғани өлеңдері де күні бүгінге дейін зерттелмей, жарияланбай келеді.

Бертін келе Бақырғани жыр жинағы «Бақырғани кітабы» деп аталады. Бұл жинақтағы өлеңдер өзінің тақырыбы, мазмұны, құрылысы жағынан Ахмет Иассауидің «Даналық кітабына» ұқсас болып келеді.

Бақырғани өлеңдері кезінде ел арасында айрықша да мейлінше кең тараған. Әсіресе оны ел аралаған дәруіштер көп айтатын болған. Бертін келе Бақырғани жырлары ел аузынан жиналып, 1877 ж Қазанда жеке кітап болып басылып шығады.

Сүйлеймен Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы» және «Бейбі Мәриям кітабы» деп аталатын екі дастыны бар. Олар негізінен діни аңыз - әңгімелер, сюжетіне құрылған. Сопылық – мистикалық ой-пікірлерді уағыздайды. Сонымен бірге, бұл дастандарда оқырманды ізгі қасиеттерге үндеу сарыны да бар. Кезінде күллі түрі тілдес халықтарды тамсандырған Ахмет Иассауимен Сүйлеймен Бақырғанидің хикмат– жырлары қазақ әдебиеті тарихынан тиісті орын алатыны даусыз.

Иассауидің даналық ойлары Абай поэзиясына жалғасқан. Ақын өзінің «Диуани хикметіне» жазған алғы сөзінде жалпы мұсылман дінінің негізгі қағида- шарттарын, парыз- қарыздарын байыппен баяндайды. Мұндағы ой- тұжырымдары сегіз жүйеден тұрады. Олар: Тәубашылдық, Ғибадатшылдық, Махаббат, Сабырлық, Шүкіршілік, Ризашылдық, Заһидшілдік (анықтау) , Ғаріптік. Бұларды түйіп айтсақ, адам құдайды танып білу үшін не істеу керек, қандай уәжіп, парыздарды орындау қажет дей отырып, сондай-ақ адамгершілік, әзілдік, адалдық, мейірім, рахым, Аллаға деген сүйіспендік сияқты мәселелер арнайы сөз болды. Әсіресе, Мұхаммед Пайғамбар ұстанған ғаріптік жолына ерекше мән беріліп, оның мән- жайы сарапталады. Ол осы тақырыптарға сәйкес: « Өз тапқанын мүсәпірлерге бермесе, ол қарам. Бірге қол бер. Шариғатты білмесе, шариғат үйрет, тарихатты білмесе, тарихат ғылымымен жолға сал, егер мағрифатты білмесе, мағрифат ғылымын үйрет, хақиқат жолымен мұриттерге жол көрсет» - дейді. Ислам дінінің осы төрт баған- тірегін ақын «Диуани хикметте» жырлайды.

«Диуани хикмет» бастан- аяқ ақыл - өсиет , үлгі- өнеге айтуға құрылған. Ақын араб тіліндегі Құран мен шарифат заңдарын өлеңмен сипаттап береді.

Иассауиде нәпсіні тойымсыз итке не қанғыған итке балау бар:

Басындағы, нәпсі күсаң, бак қалар,
Жолдан азып абыройын тапталар.
Ерттеп мініп шайтан малғұн шаттанар,
Нәпсінді теп, нәпсінді теп, патшағар!

Нәпсің ақыр торға салып, кинар жан,
Діннен куып, топастанып ми қалған.
Өлген кезде жүрдай қылар иманнан,
Игілік көп ит нәпсіні тыйғаннан. [6,51]

Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметін» адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күдретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Ахмет Иассауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан – дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жүрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты болып келеді. Ал имандылық дегенімздің өзі алланың құлына ғана тән адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш скені мәлім. Мына жалған дүниеде ақ пен қараны, оң мен солды танытатын, әрбір пенденің құдай алдындағы парыздарын ұмыттырмай отыратын, адамды ізгі істерге бастайтын аса күдіретті күш бар. Оны имандылық деп атайды. Адам бойындағы имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді өзгелерге жаны ашаршылықпен карау болып табылады:

Қайда жүрсен көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғыл.
Махшар күні тәңірге жакын болғыл,
Менменсіген халайыктан қаштым міне [6,117]

Мұндай үндестік-бірлестіктер образдар жүйесінен де айқын аңғарылады. Мәселен, «Диуани хикметте» «Көңіл бағы», «Көңіл

кұсы», топырақ сипаты», «Күйген көбелек», «Махаббат бостаны», «Махаббат базары», «Көзі сынық», «Бостандығы бұлбұл», «Ізіне гүл өнсін», «Ит нәпсіні өлтіру», «Қызыл жүзік салдыру», т.б. бейнелі сөздер жиі ұшырасады. Дәл осындай тіркестердің ұлы Абайда да бар екенін еске ала отырып, сопылық поэзиядағы дәстүрлі нақыш Шәкәрім өлеңдерінде жалғасын табатынын айта кеткен жөн:

Сорлы бұлбұл жазға асық боп,
Нұрлы гүлге айтты зар.
Көбелек те шамды алам-деп
Отқа түсті боп құмар. [7]

- 1) «Дертті кезді пайдаланып, жолға кірген,
Көбелектей шамды көрген өзінді ұрғын.»
 - 2) «**Топырақтай** боп қорлық тартқын, нәпсің өлсін,
Халық ішінде рәсуа болғын, әлем күлсін,»
 - 3) Түсінбей бақ бак екенін мен ғұмырдың,
Қадірін, қазан ұрып, енді білдім.
Пәниді тастап, дінге белді будым,
Бұлбұл боп жылап дұға қылам саған.
- Жасаған шыны ғашық жыр атына
Жар болар, жетсе екен деп мұратына.
Жалғанды өртейді өз құнасына,
Ынтызар ынт – шынтыммен құлмын міне.
- 4) **Махаббат базарында** сату болмас,
Бір сенен өзгені ойлап жату болмас.
Сүйгендер дүниемен тату болмас,
Жасаған, не істесең де, ғашық қылшы.
 - 5) Жаратқан бір аллаға алып ұшып,
Жолынан жын – шайтанның қайтшы, достар.
Шарабын махаббаттың қанып ішіп,
Қан жүрек хақ зікірін айтқын, достар.

6) Күндіз – түні биғам қалдым ғажабында –

Зікір де пікір болмай назарымда,

Өзінді сатпай **ғашық базарында,**

Сүм нәпсім жүз мың тағам сұрар, достар. [7]

«Диуани хикметте» «көңіл бағы», «көңіл құсы», «топырақ сипат», «күйген көбелек», «махаббат бостаны», «махаббат базары», «көз сынын», «бостандағы бұлбұл», «ізіңе гүл өңсін», «ит нәпсіні өлтіру», «қызыл жүзін солдыру» т. б. бейнелі сөздер жиі ұшырасады.

«Диуани хикметте» айтыс үлгілерінің кездесуі көп ойларға жетелейді. Ахмет Иассауи орта ғасырдағы көшпелі тайпалардың дүниетанымын мүмкіндігін ескере келіп, исламның кейбір қағидаларын Тозак пен Жұмак айтысы түрінде түсіндіреді. Сол арқылы Тозактың да Жұмақтың да шынайы сипаты оқырманға тайға танба баскандай етіп айқын көсетеді. Әрине, бұл айтыста жан-жүрегі күнәдөн пәк, иманды жандарға ғана мәңгілік мекен болатын Бейіш жеңіп шығады. Дәстүрлі айтыстағы секілді Жұмак пен Тозак өздерінің артықшылықтары мен бойындағы бар қасиеттерін тізбелеп, кезегімен қарсыласына мін таға айыптай сөйлейді:

Тозак айтар: мен артық, менде перғауын һаман бар.

Бейіш айтар: не дерсін білмей айту жөн бе бұл,

Жүсіп Қынған менде бар, перғауын һаман сенде дүр.

Тозак айтар: мен артық, отты шынжыр кісенді-

Сарандықпен атағын жайған жандар менде бар.

Бейіш айтар: қанып кәусар ішер-ді,

Қаумалаған хор, нөкөр, пайғамбарлар менде бар. [6,50]

Бұл ежелгі түркі мұраларындағы көріністерге карағанда анық шыққан айтыс түрі. Айтыс түрі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шғармаларында да көптеп кездеседі. Мәселен, «Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңі, «Мәшһүр-Жүсіптің Шабдар атпен айтысканы» өлеңі [8,331], «Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысында» құстар арасындағы тартыс арқылы автор дүниелік мәселелерді көрсетеді. [8]

Елді қандай адам билеуге тиіс?-деген адамзат өмір сүргеннен бергі ойшылдардың барлығын толғандырған жай. Биліктен айырылған тырна: «Қылғам жоқ ұрлық, өтірік бұл не жаза?» деп, өзінің қолынан биліктің кетуін «әлсіздік» деп есептесе, оған: «Қиқулап, надан тырна, елді үркітпе», деп, ел билеушілердің надандығына мензейді. Автор надандықты ашу мақсатында, тырнаның өзін

«Ұстадын не сөзімнен, айтшы жігіт,
Болад надан деген қай түрлі адам?»- деп, сұрақ қойғызады. Оған Мәшһүр-Жүсіптің жауабы:

«Надан сол жақсы пейіл, ісін жойса,
Ішіп-жеп, құмар мәз болса, қарны тойса».

Қожа Ахмет Иассаuidің Мұхаммед Пайғамбарды, Ғалиды, Әбубәкір, Сыдықты, Ғұмарды сымбаттаған саздарынан [6, 51, 52, 53, 54, 55-хикметтер] жоқтау сезімінің нәзік нәші жанды білдірмей жайлап алады. Ойшыл ақының сыйынған пірі де, рухымен беріле аңсайтыны да осы толғаныстардан көрінеді:

Екінші дос тар жолдан - әділетті Ғұмар дүр.
Мұсылманға жар болған әділетті Ғұмар дүр.
Балалыға азан шақыртқан, шариғатты оқытқан,
Діннің сөзін тоқытқан әділетті Ғұмар дүр.
Қағба есігін нұр кылған, барша жүзді бұрғызған,
Расул көңілін тындырған Ғұмар дүр.
Үшіншісі жар болған Оспан сыпайы дүр.... [6,96]

осындай әр хикметтен соң ақын пайғамбарлар мен оның сахабаларына сыйынып, медет тілеп отырады.

Шәкәрімнің сопылыққа, нанымға қатысын талдай келіп, шығыстанушы ғалымы И.Жсменей мынадай түйін жасайды: «Шәкәрім сопылық поэзияның көркемдік атрибуттарын өз поэзиясында жаңғыртып, соны мағына беріп пайдаланудан ұтпаса, ұтылмаған-өйткені сол тұстағы ұрпақ санасында ұялаған сопылық поэзияның оқырмандары береді»-деген.[23]Махаббат үшін отқа түсетін көбелек (Пәруана) образы қазақ ақындарында тұрақты көркемдік кесте ретінде қолданылады. Мәселен, өз

ұстаздары тәрізді Мәшһүр- Жүсіп те биік мақсат үшін отқа түскен көбелекті, яғни күрескер қаһарманды өз оқырмандарына үлгі ретінде ұсынып отырған:

1)Жан кешпей көрген бар ма мақсат алып,
Көбелек түседі отқа тұрған жанып.

2)Бұлбұл құс гүлстанды гүлге ғашық,
Көбелек, сірә, жүрмес оттан қашып. [8,122]

Мұсылмандық шығыс поэзиясында және Мәшһүр-Жүсіпте «шарап», «көбелек» баламалармен қатар «нұр», «от», «шам», «тан», «қараңғы», «түн», «көз», «көрмеу», «көру», «соқыр», т.б. сопылық нақыштар жиі кездеседі. Әлем әдебиетінде ертеден махаббат пен сұлулықтың үйлесуінің тұрақты нышаны, символдың белгісі ретінде бұлбұл мен гүлді жұптастыра алудың жиі қолданылып келгені белгілі. Мәшһүр-Жүсіпте бұлбұл мен гүл қарым-қатынасы мәнділігіне, күрделілігіне үңілте түседі. Мысалы: «Хал-ахуал» кітабында бұлбұл мен қаршыға айтысы келтірілген. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «шарап» мағынасын көп кеңейтіп пайдаланған: «Аяттан Ла да тахлату» үмітім бар. Иншалла, кәусар шарап ішсем деген. «Шарабын махаббаттың іштім», -дейді. Өзінді іздеп бұл жолға түстім! -дейді. Сопылық-шариғаттың кейбір ережелеріне сыймайтын, белгілі қалыпқа салуға келмейтін ерекше сезім, таным, Аллаға деген шексіз сүйіспеншілік. «Сопылықты түсіну үшін фикһ, шариғатты жатқа айта білу аздық етеді», -дейді И.Жәмieni. Қожа Ахмет Иассаuidің хикметінде:

1) «Бир хатраға қанығ болмай ол дур болмас,
Қанығ болып хас гауһармен алдым мана».

2)Хакикатни дариясидан гауһар алған», -
деген жолдарды оқимыз.

Гауһарға қол жету-сопылық танымында тәңірімен табысу деген ұғымды білдіреді. Сопылық хақында сөз болғанда, Абайдың сопылығын дүниемен байланысып терең зерттеген философия ғылымының докторы Мекемтас Мырзахматұлының [24] мына бір пікірін назарда ұстау жөн деп есептейміз: «Ғашық оты

мағшукқа» сарыны яғни сүйіспеншілік сезімі суфизм поэзиясының ірі ақындары «тазарған жанмен менді танысың» деген сопылық махаббат пәлсапасын да тарататын. Яғни, суфизм поэзиясы бақытқа жетудің жолы деп білетін көзқарас тұрғысынан жырлайды. Бұл Шығыс классиктеріне тән құбылыс», -деген. Шығыс поэзиясының ықпалы қазық поэзиясына да әсер еткен. Осы тұста ұлы Абайдың «Көзімнің қарасы» [10,187] атты өлеңінде Қ.А.

Иассауидің хикметтеріндегідей Аллаға деген махаббатты жырлау сезіледі. Сондықтан болар М.Әуезов: «Абай сөзі өз дәуірінде үлгі еткен Шығыс классиктерінің шығармашылығындағы ішкі мазмұндарға түгел табынған деген пікірді айрықша бөлек айтамыз. Ғашықтың өзінде құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді,-деп жазған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өз заманындағы бір әйел өліміне байланысты шығарған өлеңінде срлі-зайыптылар сүйіспеншілігін әспеттеумен қатар «махаббат» ұғымының кең екенін аңғартады: «Махаббат-сәулесі зор, құдай нұры. Көрген жан сол сәулені қалмас құры». Шығыстың классикалық поэзиясынан сусындап өскен Шәкәрім де «Жастық туралы өлеңінде»:

Гауһардай көзі,
 Бұлбұлдай сөзі,
 Жаннан асқан бір пері.
 Жүзі бар айдай,
 Мінсіз майдай,
 Өзгеден артық сол жері.
 Дариядай ақыл мол еді,
 Жан ғашығым сол еді.
 Ұжмақтың хоры,
 Ізледім соны,
 Тал бойыының кірі жоқ.
 Бойы бар сымдай,
 Белі бар кындай,
 Мүшесінің міні жоқ.
 Қыз осындай болар ма,
 Оны сөккен оңар ма? [7]

Тоқырау заманы кезінде профессор Х. Сүйіншәлиев[21] Шәкәрімнің осы өлеңін қатты сынап: «... барып тұрған натуралды бейнелеу, интимді суреттеу» деген тұжырым жасаған «сұлуды сипаттағанада ... шынайы бейнелеуден гөрі киялы, діни түсінікті бейне слес береді» деген. Ал қазір рухани құлдықтың бұғауынан босанып жана замана желі оңымыздан соққан кезеңге бұл күрделі де аса қиын саланы, яғни көне түрік әдебиетін зерттеу жұмысын қолға алу өз ата – бабамыздың мәдениетіне күштарлықты білдіреді. Қазақ және басқа түркі елдерінің рухани байланысының тарихы тереңде жатқанын айтып, дәлелдеу артық болар. Кезінде бодандық саясаттың салдарынан ара – қатынас үзіліп, соңғы жылдары жалғасын тауып отыр. Себебі қазақтың ұлттық руханияты, салты, тілі мен тарихындағы ортақ нышандардың молынан кездесуі осының дәлелі болса керек. Сондықтан да, әлем төрінен орын алған ұлы Абай да жас кезінде шығыстың ұлы шайырлары Хафиз, Сағдиден т.б. батасын сұрағандай:

«Физули, Шәмси, Сейхали,
Навои, Сағди, Фердауси
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер шағири фәрияд», - [10,59]

деп жырлағаны және інісі Шәкәрімнің де:

«Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар,
Сейхарли, Қожа Хафиз, Фердаусилер.
Бәйіште елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар», [7]

- дейді парсы акындарының әлем әдебиеті тарихында елеулі із қалдырғанын айғақтайды.

Иассауиде жиі ауызға алынатын атау-пірмуған. Мұғ-жана діни көсемдері мұғ (немесе мұған) деп атаған. Шәкәрім:

Жай намазыңды арақпен
Боя десс мұнғыл пір,
Таза жүрек жол білген,
Болса айтқаны, істе, жүр. [7]

«Мұғ (немесе мұған)» сөзінің шығу тегін Ислам Жемени: [23]

«Әу баста Иран тектес мад тайпасының бір руы болған, кейін бұл ру тарағаннан кейін жаңа діни көсемдерді мұн (немесе мұған) деп атаған деп түсіндіреді.

Қожа Ахмет Иассауиде пірмұған-қасиетті жан алла зәмзәм суы іспеттес қастерлі шарап ұсынушы, жақсылық атауының бастаушысы.

Түркілік сопылық поэзияның негізін салушы саналатын Қ.А.Иассауи (XVIғ) Алланың жаратушы сипатына көп мән берген: «Ықылас еттім, кешті бәрін Хақ тағалам, «Бір Алланың Хақ жолына салды достар: «Қ.А. Иассауиден басталған діни тақырыпты, Алланы мадақтауды жаңа бір бәлеске көтерген кім десе, XIXғ.табалдырығын аттасымен алдымен Абайды айтар едік», - дейді Е.Қ.Жүсіпов өзінің диссертациясында [27] . Кейін қазақ әдебиетінде бұл тақырыпты жалғастырған М.Ж.Көпейұлы (XIXғ.аяғы, XX ғ. басы) болды. Сөзіміз дәлелді болу үшін акынның «Мұхаммед пен Әбужаһил», [8,56] «Мұхаммедке пайғампарлық келгені», [8,64] «Алтын табак», [8,70]т.б. өлеңдерін алуға болады.

«Күш-куателе берер күдіреттен,
Соға бер өзін қайтпай шын ниеттен.
Алсайшы ауыз дәмін сөйлеп біраз,
Сүйікті құдай досы Мұхаммедтен. [8]

«Шығыс акындары да, Мәшһүр-Жүсіп те «Алла» туралы айтумен қатар Мұхаммед пайғампарға зор көңіл бөледі. « Шығыс акындарының Алла, Адам ата, Мұхаммед пайғамбрады жырлаудағы дәстүрін алға апарған өзінше өрістеткен М.Ж.Көпейұлы XIXғ. соңы мен XXғ. басындағы қазақ әдебиеті дамуына өзіндік салмақты үлес қосқаны анық», - дейді Е.Қ.Жүсіпов әрі қарай осы еңбегінде. [27]

Сопы акындарында Құран, Хадис арқылы орныққан тіркес, ұғымдар көп-ақ. Қ.А.Иассауиде «Фарус атты жәннаттан хабар келді», - деген жол бар. Мұндағы Фарус-жұмак сарайы. Сонымен қатар Қ.А.Иассауиде ауызға алынатын сопылық ұғым «фана». Мысалы: «Ғашық жолына пана болар құдай бар,
Не кылсан да ғашық кылғыл, пәһ руардігар». [6]

Ислам сопыларында «фана» жойылу, із-түссіз жоқ болу, кісіліктен жоқ болу деген мағынаны білдіреді. Сопыларда фанадағы жойылу арқылы алламен бірігу, мәңгілікке жол тарту-«бақа биалла»-Алламен бір тұтастықта қалу деген түсінік орын алған. Сондықтан Иассауи бабамыз «Фана фи Алла» мақамына жуықтасты, жүрек, баурым алып ұшып қанап тасты, дегені Алламен бірігу, кірігу мағынасында жұмсалады. Сондай-ақ Қ.А.Иассауиде «пакыр» сөзі сопылық мағынада қолданған. Біз үшін бұл сөз кедсй, бейшара деген мағынада мәлім. Ал Қожа Ахмет Иассауиде қамалаттық (кәмелет) жолына түскен жолаушы, дәруіш деген мағынада жұмсалады. Қожа Ахмет Иассауиде «мей, шарап» сөздері де жиі қолданады.

Мысалы:

1. «Билхамдиллаһи» Пірмұған мәй иичурди.
2. О секизда шилтан била шарап иштим.
3. Ғаусыл-Ғим мәй ичирди, тойдым мана. [6]

Сопы акындары Алланы ешкімге қоспай, оның жалғыз екенін жырлаған. Қазақтың «Жалғыздық Аллағы ғана жарасқан» деген мақалы осыдан туғаны анық.

Осы тақырыптың жалғастығын тағы да ұлы Абайдан табамыз. «Махаббатсыз дүние дос» деген сөзінде Абай Аллаға деген махаббатты айтып отыр, яғни Аллаға деген махаббат болмаса, онда дүниеге (мал-мүлік, қазына, камба) қызығушылық туады дегені. Немесе «Құдайдың өзі де рас, сөзі де рас», «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз». М.Ж.Көпейұлында: «Өзі-жалғыз, өзгені жаратты жұп ; Өсіп-өніп, көбейіп, болсын деп көп!» [8,221] Немесе:

«Жоқ деп біл бір Аллада ата-ана,
Және жоқ деп біліңіз катын-бала.
Барлығы бір Алланың күдіретінде,
Ешкімге мұқтаж емес Хақ тағала».

«Не қылса істейді өзі Хақ тағала,
Ешкімнің таласы жоқ оған жана (және)».

«Кісіге анау-мынау бұрмаймын бас.
Дүние-дос махаббатсыз кұр қара тас.

Шын жүрек махаббаттылығы жан табылса,
Жолына жаным құрбан, құдайға-бас.

Махаббатпен жаратқан адамды өзі,
Махаббатсыз боп кетті дүние жүзі.
Махаббатсыз жан да жоқ, тіпті, «иман» деп,
Анық бар пайғамбардың хадис сөзі. [9]

Шәкәрім «Құдай бар, құран шын» деп түсінген.

Шын мұсылман болайын деп ойласаң,

Құдайға құл болудың мәнісін біл, - дейді.

«Бір құдайға құл болсаң, жетеді сол» деп те айтады.

«Құдай өзі береді, тағдырға қарсы соқтықпа,

Пендесін аштан өлтірмес, қарсы болма құдайға,

Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,

Бір Аллаға сыйынған арам өлмес» дегені де бар. [7]

Немесе:

Құдай таза жаратты сен таза бол,

Ұқсан анық айттым ғой бұл тура жол. [7]

Шығыс және казак әдебиеті ежелден-ақ тығыз байланысты екені белгілі. Түбі шығыстан таралып, казак әдебиетінің төл қазынасына айналып кеткен шығармалардың өзі каншама. Сондықтан да, бұл шығармалар арқылы тілімізге көптеген шығыс сөздері мен бейнелеу нышандары қосылды. Сондықтан да, мәдениеті мен дәстүрі казак халқына ежелден етене жакын болып кеткендері – араб, парсы, түрік әдсбиеті. Әдебиетімізде осы халықтардың қазынасынан келген үлестер де аз емес. Шығыс әдебиетінің түпнұсқаның жеке сюжеттері мен сарындары казак әдебиетінде жаңа туындылар жасауға да себеп болғаны мәлім.

Шығыс әдебиетінің аса ірі мұралары халқымызға қадым заманнан бері таныс. Қазак әдебиетіне өшпсс нәр берген бірдей мұралардың болуы – шығыс әдебиетімен терең тамырлары байланысымыздың бір көрінісі. Олар – Рудаки, Омар, Низами, Иассауи, Сағди, Жәми, Навои, Физули секілді көркем сөз алыптары, ал әдебиет үшін аталғандардың әрқайсысы орны бір төбе.

Қожа Ахмет Иассауи тақыр жерде дүниеге келмеген. Ол өзінен бұрынғы әдеби дәстүрдің ықпалында болып, осы дәстүрді ұштап, кеңейткен шайыр. Қожа Ахмет Иассауи салған үлгі-

өрнектері кейінгі казак өлеңіне де үлгі-өнеге болды. Кейінгі шайырлар хикмет жанрында Иассауи, биігінен әрі көтеріле алмады деген тұжырымды әдебиеттанушылар бірауыздан мақұлдап отыр. Хикмет туралы еңбек жазған Шибли Нумани, Эдвард Браун, А. Арберрі, Мұхаммед Моин, Мұхаммед Али Бамбад, З. Мутаман, З. Сафа, А.М. Мирзаев, И.С. Брагинский, Х.М.Мирзазаде, Н.А. Масуми сынды зерттеушілер хикметті кемеліне жеткізген тек қана Қожа Ахмет Иассауи екенін мойындайды. Мұндай тұжырым Иассауидің илаһи сарынындағы хикмет жанрында теңдесі жоқ дара тұлға екенін тағы да бір рет куәландырады.

Қожа Ахмет Иассауи, хикметтерінің қаһарманы сықақшы, әміршілерді, жалған діндарларды мыскыл етуші, ой еркіндігін мадақтаушы, кейде әдет заңдарына мойын ұсына бермейтін төкаппар, өжет адам.

Қожа Ахмет Иассауи, ойшыл, философ ақын. Ол дүниенің жалған өткіншілігі хақына толғана келіп, тіршіліктің рахаты мен қызығынан бас тартуға үндейді.

Қожа Ахмет Иассауи, парсы тілін білетін қауымды сегіз ғасырдан бері шекер, бал тілімен тамсандыруда. Заман өзгеріп, ұрпақ ауысып жатса да Иассауидің хикметтері көнермей, жана мәнге ие болып, жасарып отырады. Мұның сыры неде? Аталған құбылыстың сыры – Иассауи поэзиясының тереңдігінде. О дүние, бұл дүние хақындағы толғамдарының адамның ішкі сезімінің қозғайтындай сыршылдығында жатса керек-ті. Иассауи, қоғамдағы тәртіпсіздік, зұлымдық жайлы жаза отырып, оның адам жаны үшін ауыр екендігін көрсетеді. Зорлық-зомбылықты ұлы тілімен түйрейді. Өмірдегі ұсак, майда әрекеттерді айта келіп, адам одан жоғары тұруын, өмір қанша қиын болса, соғұрлым төтті екенін жыр тілімен кестелейді. Ақын өмір сүрген кезде отандастары өмірдегі көрген азабы мен қайғы-қасіреті көбейген сайын оны қастерлеп, жастығының астына алып жатып оқитындар көбейіп отырған.

Иассауи мен Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпесев поэзияларындағы рухани туыскандықтың негізгі нышаны Аллаға деген ұлы махаббатты жырлауында, сонымен қатар риясыз сезімді тамаша ишараттар (символдар) тілімен мензеулерімен құбылта бейнелеуінде болса керек. Үш ұлы сопының исламиятпен ұштасатын әр сатыдағы марифат, хақиқат, шарифат,

мақам, пір т.б. хақындағы иланымдары тектес, тамырлас болуы бекер емес.

Иассауи, поэзиясының күрделілігі оның сопылық табиғатында. Өйткені, казак топырағында сопылық ағымның айрықша өркендеуі сол кездегі поэзияға жанама түрде болсын, тікелей болсын ықпалы тиген. Иассауидің түгелдей шығармашылығы сопылық таныммен астасып, сабақтасып кеткендіктен одан бөле-жара қарау да қиын. Сопылық поэзияны зерттеудің біздің казак әдебиеттану ғылымы үшін де мәні бар. Себебі орта ғасырдағы әдебиеттің үлкен бағыты-сопылық поэзия болып есептеледі. Алайда, ұзақ уақытта казак топырағында сопылық поэзияны тереңдеп тексеруге тұсау салынып, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Соңғы уақытта қайта құрудың желі есіп, еліміз егемендік алғаннан кейін ғана Иассауи бабамыздың мұраларын танып-білуге бет қойдық. Десек те, Иассауи, Сопы Аллаяр, Бакырғани тәрізді акындардың поэзиялық туындыларын бойлап зерттеуге исламиятты, сопылықтың қыр-сырын жыға танымауымыз қол байлау болуда.

Сопылықтың әу баста араб, иран жерлерінде дүниеге келіп, кейінірек біздің атажұртымызда да тамыр жайғанын ескерсек, өз жеріміздегі бұл ағымды тегінен, ислам дүниесінен бөлшектеу де абырой әпермесі белгілі.

Иассауи, поэзиясында ұштасатын сопылық терминдер, ұғымдар мыңдап саналады. Бұл терминдерді білу тек иран әдебиеті үшін ғана емес, казак әдебиетінің тарихы үшін де маңызы бар. Өйткені, жұмбақ мәнді терминдер Иассауи, хикметтерінде де қайталанатынын байқап тандандық. Өйткені, өмір сүрген уақыттарында екі ғасырдан астам уақыт айырмашылық бар. Бір-бірінен алшақ жатқан екі елде өмір сүрген ұлы шайырлардың поэзиясында үндестік болуының сыры неде? Біздің ойымызша, екі шайырдың дүниестігінің сопылық поэзиясының бірлігіне байланысты.

Иассауи, хикметтерінде жиі қолданылатын “шарап, мей” сөздерін жай оқырман теріс ұғынуы да мүмкін. Бұл сөздердің сопылық астары бар. Алайда, кейбір зерттеушілердің өздері де оны тура мағынасында қабылдап, мұсылман заңына қарсы адам деп түсіндіріп жүрген. Мұндай адасушылық сопылықты дұрыс зерттемеуден шығып жататын.

Иассауи, ешуакытта шарифатқа қарсы шықпаған, Алланың бар екендігіне, Құранға шәк келтірмеген.

Сонымен, араб, парсы, түрік әдебиеттерінің қазақтың мәдениеті мен әдебиетіне, тіліне тигізген ықпалы өте үлкен екенін көреміз. Максат - мыңдаған жылдарға созылған осы дәстүрлі байланыстың мән-жайын ашып, олардың тарихымыздың орнын, мәнін ашу. Шығыс әдебиетін білу – осы көне байланыстың шын ақиқатын ашу. Дүние жүзінде оқшау дамыған дара әдебиет болмайтыны белгілі. Қазақ әдебиетінің түп-төркіні, тұлғасын тану үшін аталған әдебиеттердің тарихын білу аса маңызды. Әдебиеттерді жақындата түсуде де аударманың да орны бар екенін мойындау өте орынды.

Аударманың көмегімен бір халықтың мақтан тұрар қазыналары екінші жұрттың рухани азығына айналады.

Осымен бұл еңбекте шама-шарқынмызша Шамсуддин Мұхаммед Иассауидің ғажап хикметтерін, яғни оның түпнұсқа мен қазақ-орыс акын-жазушысы, аудармашыларының еңбектеріне шолу жасалып, қарастырылады. Мұнда біз қазақ тіліндегі аудармаларға деректерді Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Әбіраш Жәмішев еңбектерінен алсақ, орыс тіліндегі материалдарды К. Липскеров, В. Державин, С. Лепкин, А. Кочетков, Е. Дунаевский, Г. Плисецкий аудармаларынан қарастырдық. Мұнда бір көңіл аударарлық жай, Шәкәрімнің Иассауи хикметтерін қазақ халқының санасына жеткізу, таныту үшін түпнұсқадағы біраз сөздерді қазақы ұғымға түсінікті сөздермен беру. Бірақ онымен Шәкәрім өлеңнің өзіндік болмысын бұзбаған. Ал, Ә. Жәмішев парсы тілін білмегендіктен аудармаларын негізінен орыс және өзбек тілінде шыққан материалдарға сүйенген. Сондықтан болар, оның аудармаларының біраз бөлімі парсыша басылымдағысынан алшақтау кеткен. Бірақ ол алшақтық тек сөз қолданыста, ұғымды жеткізе білу тәсілінде болса да, оның аударма өлеңдері оқырманға Иассауидің айтпақ ойын жеткізе білгендігінде.

Тағы мұнда бет пердесі ашылған бір жайт: қазақ тіліндегі аударма өлеңдерден гөрі орыс тіліндегі аудармалардың анық әрі дәл тәржімалануы. Әрине, біз қазақ аудармашыларын кінәлай алмаймыз, қайта олардың талпыныстарына рахмет айтуымыз да абзал болар. Сонда да Кеңес дәуірі кезінде жасалған орысша аудармалардың авторларының тілдік және діни сауатының

жоғары болғанын мойындауымыз керек. Халқымызда “ештен кеш жақсы” демейтін бе еді. Әлде де біздің ана тілімізде тек Иассауидің ғана емес, мүмкін басқа да парсы, араб, қытай тілдерінде жатқан, біздің мәдениетіміз бен халқымызға қатысты талай-талай дүниелер оқылып зерттелуі тиіс.

Бірлік ұқсастар «Диуани хикметтегі» өлең құрылысы мен ұйқас, шумақ жүйесінен де толық байқалады. Мәселен, аталған жыр көбінесе 11 буынды, не 12 буынды болып келеді. Төрт тармактан бір шумақ құрайды. Ұйқасы бізге тым жақын. Сырттай алып қарағанда «а,а,а,б», «в,в,в,б» ұйқасымен келіп отырады. Рас, ақын араб, парсы әдебиетінде кең қолданылған ұйқастарды пайдаланып отырса да, соның ішінен біздің қара өлең ұйқасына жақын үлгілерді әдейі таңдап алған тәрізді.

Қожа Ахмет Иассауи поэзиясының ішкі мәніне тоқталсақ, «Хикметтері» көркем, ішкі ырғақ, ішкі ұйқастары берік сақталған, әсіресе ақынның монологтары айрықша бағалы. Ол өз ойын «мен» арқылы бірінші жақтан беріп барлық жан дүниесімен ішкі буырқанған сезім – түйсіктерін тұтас ақтарып, оқырманымен риясыз қауышады, бүкпесіз сырласады, сонда біз ғұлама жанның тазалығына, көкірегінің ақ шуаққа толы екеніне сенеміз. Ақын әрбір хикметін «Құдайдың құлымын» деген тұжырыммен аяқтап отырады, өйткені бұл адам баласы кімнің арқасында жан бағып, кімнің құдіретімен күн көріп отырғанын ұмытпасын дегені болар. Ғұлама жанның хикметтерінде кеңінен ұшырасатын өлең түрінің бірі – арнау.

Қорытынды.

Әрбір халықтың әдебиет тарихын – сол халықтың қоғамдық санасы мен әлеуметтік ой- пікірінің даму тарихы деуге болады. Қоғамдық дамудың түрлі сатыларында тұрған елдердің әлеуметтік ой - өрісі мен философиялық даму дәрежесін анықтау үшін ең алдымен сол халықтың фольклоры мен ежелгі әдби, мәдени мұраларына арқа сүйсіп отырған жөн. Өйткені халықтың рухани мұрасы, қоғамдық - әлеуметтік ой – пікірі бір емес, бірнеше ғасырдың жемісі болып табылады. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ поэзиясындағы әлеуметтік және дидактикалық сарындардың түп – төркіні ежелгі түркі әдебиетінде жатқанын аңғару қиын емес. Осы дидактикалық - философиялық сарындағы толғауларды мән – мағынасы жағынан тереңдете түсіп, поэтикалық тұрғыдан көркейте беру үшін бірқатар қоғамдық - әлеуметтік арқылы категорияларды айқындап алу қажет болды. Олар «әділдік», пен «әділетсіздік», адам бойындағы «жаксы» және «жаман» қасиеттер, «қанағат» пен «ашкөздік», «даналық» пен «надандық», «достық» пен «қастық», «жастық» пен «кәрілік», «өмір» мен «өлім».

Бұл салада қазақ акындары өздерінен бұрынғы түркі тілдес халықтарға ортақ поэзиядан, орта ғасыр философиясынан үйреніп отырған сияқты. Адамның жастық шағы мен кәрілік кезі жайында Жүсіп Баласағұн да, Ахмет Иассауи де, Бұхар жырау да, Абай да, Шәкәрім де, Мәшһүр – Жүсіп те көп толғанған.

Сонымен, қазақ халқының түркі тілдес басқа халықтардың бәрімен ортақтасатын ежелгі дәуір әдбиеті адам бойындағы ең ізгі қасиеттерді жырлады. Сол арқылы қоғамдық ой – пікірдің дами түсуіне айтарлықтай ықпал жасады, әрі бұдан кейінгі тарихи кезеңде қазақ халқының өзіндік, төл әдебиетінің қалыптасуына негіз болып қаланды.

Қожа Ахмет Иассауидің дәстүрлі жолын қуған көкірегі де, көзі де ашық акындар (Шортанбай, Дулат, Абай, Жүсіпбек, Мәшһүр - Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, т.б.) имандылық, сыпайлық, кішіпейілділік, жомарттық, енбекқорлық сияқты асыл қасиеттерді барынша жан- жакты жырлаған, сол себепті, бұл акындардың өзіне де, сөзіне де өлім жоқ. Иассауидің ісі мен сөзін, дәстүрін жалғастырып, халқымен бірге жасай берері сөзсіз.

Екі тараудан тұратын диссертацияның негізгі максаты – Қожа Ахмет Иассаuidiң біздің поэзиямызға ықпал - әсері қай тұрғыда өрбиді, қандай жаңалықтар енгізді, акын – жырауларымыз ғұлама шайырдың ұстаған жолын, көтерген мұраттарын қалай жырлады?! Біздің ұлттық поэзиямыздың өзегі, тіні, ділі, астары сопы акынның туындыларымен әлденеше ғасыр бойы үндесіп, сабақтасып келе жатқанын зерттеп, салыстыра дәлелдеу болды. Біз қарастырып отырған зерттеу жұмысының өзектілігі өз заманының ғұламасы, білімдар оқымыстысы, философ, ағартушы акын Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығының, оның акындық дәстүрінің төл әдебиетіміздегі, жалпы түркілік поэзиядағы жалғастығы мәселесінің нақты әрі ауқымды ғылыми байыпталуынан көрініс табады.

Бұл процесс, яғни Иассауи дәстүрі ғасырлар бойы желісін үзбей, жалпы түркілік әдебиетте, қазақтың төл сөз өнерінде жемісті жалғасын тауып келе жатқандығы жан- жақты сараланып, ғылыми тұрғыда байыпталды.

Бүкіл ғұмырын адамзаттың игілігіне арнаған Қожа Ахмет Иассауи нағыз әулие. Түркі халқында аты да, атағы да «Диуани хикмет» атты асыл мұрасымен әйгілі болған ғұлама, ол жамандық атаулының бәріне жырымен де іс- әрекетімен де қарсы, жақсылықтың жаршысы. Алланан нұры жауған атакты сопы судан мөлдір, сүттен ақ тірлігімен әрбір адам баласына үлгі - өнеге демекпіз.

Пайдаланган әдебиеттер тізімі

1. Көпрулү М.Ф. Түрік әдебиеті тарихы. Стамбул, 1962
2. Зейбек Н.К. «Қожа Ахмет Иассауи жолы және таңдамалы хикметтер», Анкара, 2003, 155.
3. Банарлы Н. Түрік әдебиеті тарихы. Стамбул, 1987
4. Бартольд В.В. Собрание сочинений V, VI, VII тома
5. Грюнебаум Г.Э. Классический ислам. Москва «Наука» 1968
6. Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер. Алматы, 1995, 207
7. Шәкәрім. Шығармалар. Алматы, 1988, 560
8. Көпейұлы М-Ж. Көп томдық шығармалар. Алматы «Алаш», 2003
9. Көпейұлы М-Ж. Көп томдық шығармалар. Алматы «Алаш», 2004
10. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы Алматы, 1961, 677.
11. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы «Атамұра» 2003
12. Шах Идрис
13. Күмісбаев Ө. Екі перне. Алматы «Жазушы», 1980
14. Егеубай А. Кісілік кітабы. Алматы «Ана тілі», 1998
15. Қырубайқызы А. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы «Мектеп», 2002
16. Қыраубайқызы А. Ғасырлар мұрасы. Алматы «Мектеп», 1988
17. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. Алматы «Қазақ университеті», 1992
18. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. Алматы «Рауан», 1991
19. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғасы. Астана «Елорда», 2000
20. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті.
21. Сүйіншәлиев Х. XIII – XVIII ғ. қазақ әдебиеті. Алматы «Мектеп», 1989
22. Дербісәлиев Ә. Қ.А. Иассауи, Ақсақ Темір және Түркістан мәдениеті. Алматы «Өнер» 1995, 206
23. Жемени И. Хафиз және қазақ әдебиеті. Алматы, 2000, 122
24. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. Алматы «Санат», 1998
25. Ахметбекова А.К. Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығы. Ғылыми диссертацияның авторефераты, Алматы, 1995
26. Дәуітов С. Қазақ әдебиетіндегі Қожа Ахмет Иассауи дәстүрлері. Ғылыми диссертацияның авторефераты.

- Алматы.2001
27. Жүсіпов Е.К. Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығындағы шығыс әдеби дәстүрі. Ғылыми диссертацияның авторефераты. Астана.2001
 28. Егеубай А. Кұлабыз. Алматы «Жазушы», 2001,216
 29. Жемени И. Сопы акындар. Қазақ әдебиеті, 15 желтоқсан.1999.10 бет.
 30. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. Избранные труды. Москва «Наука»,1965.
 31. Базарбаев М. Көрікті ойдан-көркем.сөз. Алматы «Рауан», 1994,367.
 32. Самойлович А.Н. Краткая учебная грамматика османско-турецкого языка. Москва, 2002.
 33. Ысқаков Б. Орта Азия мен Қазақстанның Ұлы ғалымдары. Алматы,1964.
 34. Қасымжанов А. Рухани тамырлар.
 35. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы,1989
 36. Ысқақов Б. Сөнбес жұлдыздар. Алматы,1989.
 37. Қоныратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. Алматы,1991.
 38. Краткая литературная энциклопедия. II том, 1966.
 39. Сәтбаева Ш. Қазақ әдебиеті және шығыс , Алматы,1992
 40. Жолдасбаев. Асыл арналар. Алматы,1990
 41. Жәмішев Ә. Хафиз ғазалдары. Алматы,1990.
 42. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. 1991.
 43. Шығыс жұлдыздары. 1973.
 44. Шәкәрім. Үш анық. Алматы «Рауан», 1991.
 45. Көпеев Машһүр-Жүсіп. Таңдамалы. Алматы «Ғылым», 1990,269.
 46. Шәкәрім. Шығармалары. Алматы «Жазушы». 1988,556.
 47. Қожа Ахмет Йассауи. 3-кітап. Павлодар. 2003.202.